



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖАСТАР АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№51-52

(883-884)

24 желтоқсан

2021 жыл

БЕЛЕС

АМАНАТҚА АДАЛДЫҚ



2021 жыл тарихқа Тәуелсіз Қазақ елінің ерлік пен елдікті ту еткен өзінің мәртебелі 30-шы белесіне көтерілумен ерекшеленді. Жақында жазғанымыздай, 30 жыл тарих таразысына салып безбендесек, тым көп уақыт емес. Дегенмен тұтас бір дәуірдің жүгін арқалағаны — талассыз шындық.

«Бар табылар, жоқ кетер» дейді қазақтан ажырап қалған ноғай халқының жырында. Жан-жаққа тарыдай шашылып кеткен сол ноғайдың бауыры — Қазақ елінің бары табылды. Алып империядан іргесін бөліп, тәуелсіздігін жариялады. Халық боп сайлаған Көшбасшысының жол бастауымен дербес мемлекетін құрды. Ата-баба арманы орындалды.

Дербестікті жариялау оңай емес. Ал дербестікті бекемдету одан да қиын. Кезінде Алашорда үкіметі:

«Азаматы Алаштың
Аттанарға күн туды,
Тұлпар мініп, Ту ұстап,
Баптанарға күн туды» деп ұран тастады.

Бірақ Алаш қайраткерлері Ұлы мұратқа жете алмады. Себебі де белгілі. Қызылдардың күші басым, қаруы қуатты-тұғын.

XX ғасырдың соңына таман бостандыққа бастайтын күн туғанда Қазақ елі қайрат пен қажырға, қарым-қабілетке, дарын мен дипломатияға жүгінді. Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев көп бағыттың арасынан осы жолды тандады. Мұның ең ұтымды, ең дұрыс шешім екендігін бергі тарих дәлелдеді. Сөйтіп 90-шы жылдардың басындағы ғаламдық саясаттағы астан-кестен мен алқымнан алатын экономикалық дағдарысты теңдессіз ерлікпен еңсерді. Жер көлемі жағынан әлемде тоғызыншы орын алатын Қазақстан жалпы ұзындығы 15 мың шақырымға жететін шекарасын шегендеді. Жері мен суының тұтастығын ресми құжатпен бекітіп алды. Алтайдан Атырауға, Аркадан Сырға дейін созылып жатқан ұлан-ғайыр аумағын сақтап қалды. Ата-баба

аманатына адалдық танытты. Бұл да жас мемлекеттің теңдессіз ерлігі еді. Өйткені, әріге бармай-ақ қояйық, Кіндік Азияда, Кап тауының күнгейінде, Донбасс атырабында қарулы қақтығысқа, қисапсыз қантөгіске, қайғы-қасіретке әкеп соққан жер дауы күні бүгінге дейін басылмай тұр.

Егемен мемлекет құру — қиын шаруа. Ал сол мемлекетті қожыратпай, қуатты күйінде ұстап тұру одан да қиын тірлік. Әсіресе, жаһандану үрдісі жер жүзіне жайылып, алпауыт мемлекеттер арасында текетірес өршіп тұрғанда. Көзге көрінбейтін кесел күллі әлемді бүріп тұрғанда. Қойнауы байлық пен қазынаға толы Қазақ даласы сырттағы кейбіреулер үшін көзқұртына айналып тұрғанда. Содан болар, жерімізге көз алартып, бір пұшпағын ойып алғысы келетін солженищандар бар солтүстік көршіде. Бұдан бұрын жазғанымыздай:

Ұлттың ділі мен дінін мансұқтап,
Ақшаға сатқызып қоятын.
Қазаққа жоқ кеселді
Қазаққа тапқызып қоятын.
Ағайынның жанды жерін тауып,
Бір-бірін қапқызып қоятын.
Салт-дәстүрді тулақ қып,
Жан-жаққа тартқызып қоятын, — сайқал саясатты

тықпалап Батыстың демократсымақтары қаптап жүр.

Шүкір, сырттан төнген қауіп-қатерге, аяқтан шалғысы келетін кедергіге қарамастан, Тәуелсіз Қазақ елінің көші бағытынан айныған жоқ. Бүгінде 30 белесті бағындырған Қазақстан — бүкіл ғаламға сыйлы, Орталық Азияда көшбасшы, экономикасы қуатты, өркениеті өрелі, мәдениеті мәуелі мемлекет. Соңғы санаққа жүгінсек, халқымыздың орташа жасы 30-дың сәл үстінде. Демек келешегі кемел, болашағы баянды екені де күмәнсіз.

Алдағы Барыс жылы халқымыздың бағы жансын!

Срайыл СМАЙЫЛ

ТӘУЕЛСІЗДІК ҰЛАНЫ

Қазақтың маңдайына біткен алтын көмей әншісі, атағы жер-жаһанға жайылған Димаш Құдайберген егемен елде дүниеге келіп, туған тілін құрметтеп өсті. Қай елдің де сахна төрінде ол қазақша сөйлеп, сол арқылы ана тілін насихаттап жүр. Димаштың өнеріне тәнті болған талай шетелдік қазақ тілін үйренуге бет бұрды. Еліміз Тәуелсіздіктің 30 жылдығын тойлап жатқан тұста Димаш отандастарын қазақ тілінде сөйлеуге шақырды. Jas qazaq Димаш Құдайбергеннің жүрекжарды сөзін жариялауды жөн көрді.



ДИМАШ: АНА ТІЛІМІЗДІ ҚАДІРЛЕЙІК!

«Тіл мәселесі мені де толғандырады. Неге десеніз, қаны қазақ, жаны қазақ, осы елдің азаматы, патриоты есебінде менің ең үлкен арманым бар. Ол — еліміздің әрбір азаматы ана тілімізде қазақша әдеби нормаға сай сөйлесе деймін. Қадыр Мырза Әлі атамыздың

«Ана тілің арың бұл, ұятың боп тұр бетте,
Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте» дегеніндей, әлемнің әр түкпіріндегі мемлекеттердің халқы өз тілдерін ерекше құрметтейді, қадірлейді. Біз де өз ана тілімізге деген құрметімізді арттыруымыз керек.

Қазақ тілі — ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен елді, жерді қорғаған батыр бабамыздың аманаты.

Келер ұрпақ алдындағы біздің міндетіміз — қазақтың үнін, қазақтың тілін, мәдениетін, руханиятын әлемге жар салып насихаттау, дәріптеу.

Әр халық үшін ең әдемі тіл өзінің тілі, қазақ халқы үшін де ең әуезді тіл — қазақ тілі. Өз тілімізбен мақтанбасақ, қадірлесек, насихаттамасақ, ол тіл өзге ешкімге керек те емес.

Замана талабына сай әрбір адам бірнеше тіл білгені дұрыс-ақ. Қазақтың алғыр баласы өзге тілде сайрап тұрып, өз ана тілін білмегені ұят нәрсе. Кейбір адамдар өскен ортасын, айналасын себеп етіп, өз ана тіліне шорқақ болғаны үшін қысылады. Менінше, қысылмау керек, қайта қазақ тілін білуге талпынғаны, ұмтылғаны дұрыс. Қазақ тілін жетік меңгеру үшін аямай еңбектеніп, алға жылжуы керек.

Мен дүние жүзіндегі барша көрермендеріме, тыңдармандарыма рахметімді айтамын. Қай құрлықта концерт өткізсем де, менің ана тілімде шырқаған әнімді тыңдаушылар қазақ тілін жете білмесе де, сөзін жаттап, қосыла шырқауға ұмтылады.

Қазақ тілі шарықтап дами берсін, тілімізді қадірлей білейік».


МЕРЕЙ

ЖУРНАЛИСТИКА ЖАМПОЗЫ

Сенбі күні аудиторияға келсек, шашы желкесіне түскен, қара мұртты ағайымыз бізден бұрын келіп отыр екен. Әдепкіде біз кешігіп қалдық па деп ойлағанбыз.

— Жоқ, кешіккен жоқсыңдар, мен ерте келдім, — деп қамқорси сөйлеген қоңыр даусын естіген соң жүрегіміз орнына түсті. Жанболат Аупбаевтың лекциясының ерекше екендігіне алғашқы күні-ақ көз жетті».

(Сөз зергері туралы
11-беттен оқыңыз)



БИРЖАМЕТР



МУНАЙ (brent)
75,53



DOLLAR
436,56



EURO
492,85



РУБЛЬ
5,94





E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

ХАЛЫҚ САНЫ

Қазақта «Елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – қазан» деген нақыл бар. Тәуелсіздігіміздің отыз жылы ішінде еңсерілген істер, жеткен жетістік, шыққан биігіміз де біршама. Отыз жылдың ішінде еліміздің демографиялық демі де жақсарды. Өткен ғасырдың 20-жылдары ұлт ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынұлы көңіл-күйін кәлимаға келтіріп тұрып «Әлхамдулла, 6 миллион қазақпыз!» деп еді. Содан бері өткен 100 жылдың ішінде осы алты миллион қазақтың басынан өткен нәубетті алты құрлықтағы өзге ұлттардың ешқайсы көрмеген шығар.

Ресей патшалығының жымьсықы саясатының сергелденге салуы, 30 жылдардағы жойқын ашаршылық, 1937-1938 жылдары қазақ зиялыларын баудай қырған репрессия, екінші дүниежүзілік соғыс өрті, қала берді, 50-жылдардағы кеңес өкіметінің қолдан ұйымдастырған орыстандыру жүйесі қазақ демографиясының діңіне уытын төкті. Ұлт

саналмайды. Бұдан нені аңғаруға болады? Ахмет Байтұрсынұлы сияқты «Әлхамдулла, 19 миллионнан астық» деп шүкіршілік етер болсақ, Қазақ елін құрушы, тірегі саналатын қазақ ұлтының жан саны 13 миллионға жетті. Қай қисынға салып қидаласаныз да, қазақ ұлтының саны жалпы халықтың үштен екі бөлігінен әлдеқайда асып тұр.

«Алашорда» көсемі, ұлтына мінезімен қызмет етіп, арынан айнымаған Әлихан Бөкейханов «1908 жылғы губернатор обзорындағы есеп» деп қазақ халқының

ала есеп бойынша, 1 қыркүйек пен 30 қазан аралығында жүргізілген санақ Қазақстан халқы 19 миллион 169 мың 550-ге жеткенін көрсетті. Оның ішінде ер адамдардың үлесі 48,71 пайызға көтерілген, әйелдер — 51,29 пайыз. 1999 жылғы жүргізілген санақтан бері қарай еліміздің халқы 4,1 миллионға көбейген.

«Өттеген-ай» дейтін бір тұсы бар. 1989 жылғы санақта халық саны 16 миллион 22 мың 324 адам деп есептелді. Арада он жыл өткенде, яғни 1999 жылғы санақта 16



30 ЖЫЛДА ҚҰЙЫЛҒАН ҚҰТ

ұстазының 6 миллионға жеттік деп шүкіршілік айтатын қазақтың саны осындай «тар жол, тайғақ кешулер» мен қанды қасап қырғыннан өткенде 30 пайызға азайды. Саусағыңызды бүгіп, есептер болсаныз, 6 миллион адамның екі миллионға жуығы қырылды.

Халық санағына сергек қарап, індетте зерттеп, ел көбейсін деп өмірден өткен демограф Макаш Тәтімов бір сөзінде тәуелсіздік алған жылдары Қазақстаннан 3 миллионға жуық өзге ұлт өкілдері көшіп кеткенін айтып еді. Есесіне, Тәуелсіздік жылдарында арғы жақтағы ағайынның шерлі көңілін іркіп қалған шекараның қақпасы айқара ашылып, қандастарымыз елге көшіп келді.

Осыдан он жыл бұрын жүргізілген санақ бойынша Қазақстанда қазақ ұлтының үлесі 65 пайызға жетіпті. Ертеректе 40 пайызға да жетпейтін еді. Марқұм Макаш Тәтімов он жыл бұрын қазақ халқының үлесі 65 пайызға жеткенін «Тәуелсіздіктің жемісі» деп қуанышпен хабарлаған болатын.

Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) өзінің тасқа қашап тәпсірлеген тәртібі бойынша, кез келген мемлекетті құраушы ұлт сол елде тұратын халықтың үштен екі бөлігіне жетсе, яғни отыз миллион халықтың жиырма миллионы мемлекетті құрушы ұлттың үлесінде болса, ол ел көпұлтты болып

жан санын былай» таркатады. «Біздің қазақ баласы орыс патшасының қол астында мынау тоғыз облыс, бір губернияда: 4 миллион 499 мың 664 адам... қазақ баласының өсімі өзге халықтардан артық болмаса кем емес, қазақ жұрты мыңға 15-тен өсіп, 1897-нші жылы орыс қол астындағы қазақ 4 миллион 84 мың деп есеп қылынса, 1913-нші жылда 5 миллион 64 мың болады» деп сүйінші сұрайды «Қазақ» аталатын мақаласында. Араға бір мүшел мерзім салып, Ахмет Байтұрсынұлы қазақ алты миллионға жетті деп сауын айтады.

Кеңес одағы өзінің қарауындағы бағынышты ұлттардың басынан өткен нәубетті де, қанды қасап қырғынды да мейлінше бүркемелеп, әлемге әшкере болудан сақтанып, жасырып-жауып келді. Тіпті 1960 жылдардың орта тұсына дейін демография ғылымының демін, зерттеушілерді, халық санын зерделеушілерді тұншықтырып, күнделеп ұстап келді.

Ал бүгінгі тәуелсіз мемлекет халық санағын бірнеше мәрте жүргізді. Биылғы санақ былтыр өтуі тиіс еді. Бірақ әлемді бүргенде бөдененің бөтегесіне сиғызып жіберердей пәрмені бар пандемия кесірінен кейінге ысырылған.

Сонымен, биылғы санақтың қорытындысы әлі нақтыланған жоқ. Алдын

миллионнан асатын халық саны өсуінің орнына кеміп, 14 миллионға төмендеді. Бұған себеп — тоқсаныншы жылдардағы тоқырау кезіндегі үдере көшу. Көңілге медет тұтатынымыз, тәуелсіздік алған отыз жылдың ішінде халқымыздың саны 4,1 миллионға көбейді.

Биылғы халық санағының дерегінше, қазақтардың саны 13 миллион 453 мың 190 адамға жетіп, халықтың 70,18 пайызын қамтыды. Отыз жыл бұрын қазақ ұлтының саны 6 миллионнан асатын еді. Демек екі есеге көбейді деп қуана айтуға болады.

Еуропаны сөз еткенде көбінің тіл ұшына «кәрі құрлық» тіркесі ілінеді. Неліктен? Өйткені осы материктегі мемлекеттердегі халықтың орташа өмір сүру жасы кекседеу. Анау Англияңызды алыңыз, халықтың орта жасы 40-тан асады. Германия тіпті шау тартып барады — 48 жас. Италияда — 43 жас. Ал Қазақ елінде халықтың орташа жасы — 31. Бұл жас мемлекеттің халқы да жасарып тұрғанын аңғартады.

Отыз жылдың ішінде елімізге құйылған ырыс пен құттың бірегейі деп осы халық санының өскенін айтуға болады. Енді он жылда халқымыздың саны 25 миллионға жететін мерейді бұйыртысың, Жаратқан.

Қуаныш РАХМЕТ

Ақжолтай

ОКТАБРЬ АТЫ ӨШІП, ӘЛИХАН АУДАНЫНА АЙНАЛДЫ!

Биыл — тәу етер Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерекесі!

Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның 155 жылдығы!

Тәуелсіздіктің қарлығашы Желтоқсан көтерілісінің 35 жылдығы!

Күні кеше Қарағанды қаласындағы Октябрь ауданы Әлихан ауданы болып өзгертілгені туралы шешім шықты.

Әлиханның 150 жылдығында берілуі тиіс еді аудан аты. Ақорда келісім беріп қойған мәселе Қарағандыдағы 3-4 коммунист кемпір-шалдың қарсы болуына бола 5 жыл кешікті! Ешқандай ел есітпей-ақ қойсын мұны....

Бұған да шүкіршілік, ұзағынан сүйіндірсін!

Әлихан атын ұлықтауды «Ақ жол» партиясы бұдан 15 жыл бұрын да, 5 жыл бұрын да, биыл 9 ай бұрын да мәселе етіп көтеріп, көпті құлағдар етіп жазған еді. Алаш пен Әлиханның 155 жылдығына арналған 2021 жылы 3 наурыздағы және 14 сәуірдегі «Ақ жол» фракциясының екі депутаттық сауалын жасағанмызда да «Октябрь ауданы Әлихан атына ауысады» деп айтып та, жазып та жіберіп едік.

Сол шешім енді шықты.

Әлихан Бөкейханның 155 жылдығы және Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мерекесі қарсаңында, Қарағанды облысы Қарағанды қаласының келесі құрамдас бөлігі: Октябрь ауданы — Әлихан Бөкейхан атындағы аудан болып қайта аталсын деп Қарағанды облысының әкімдігі қаулысы және Қарағанды облыстық мәслихаты шешімі қабылданды.

АЛАШ ақыры Октябрьді

жөнді!

Октябрь аты өшіп, ӘЛИХАН ауданына айналды!

9 ай бұрын айтқан сөзіміз де заңды күшіне енді!

Қазыбек ИСА,
Мәжіліс депутаты



Рейтинг

ИНТЕРНЕТ-ПАКЕТТІҢ ОРТАША БАҒАСЫ



ОРЫН	ЕЛДІҢ АТАУЫ	БАҒАСЫ (\$)
1.	УКРАИНА	7,2
2.	РЕСЕЙ	8,2
3.	РУМЫНИЯ	10,3
4.	БУТАН	10,5
5.	ИРАН	11,0
6.	БЕЛАРУСЬ	11,0
7.	ҚАЗАҚСТАН	11,5
8.	МОЛДОВА	11,8
9.	ВЬЕТНАМ	12,4
10.	МОҢҒОЛИЯ	13,0

Дереккөзі: finprom.kz.

Сөз-Жебе

”

Дәурен АБАЕВ,
Президент Әкімшілігі
басшысының бірінші
орынбасары:



«Көрнекі жарнамада, тіпті мейрамханалардың мезірінде қазақ тілі не мүлде қолданылмайды, не қате қолданылып жүр. Қате өріп жүреді. Интернет атаулар мен тіркестерді қазақшаға тікелей, калькамен аударған мәнсіз мәтіндер туралы «мемдерге» толып кетті. Сондықтан заң жобасында дәлме-дәл аудорма және дұрыс жазу нормасы туралы талап енгізу қарастырылған. Аталған Заң жобасының тағы бір қыры бар. «Бұл – елді мекендердің атын тарихи негізге сүйеніп дұрыс жазу. Мысалы, «Үлгі ауылы» дегенді орыс тіліне аударып, «село Примерное» деп аударуға келмейді. Одан да сорақы етіп «Ульга» деп жазуға мүлде болмайды. «Үлгі» деген түпнегіз сақталуы керек. Ал «Новоалексеевка» деген елді мекеннің аты қазақ тілінде де «Новоалексеевка» болып жазылады, «Жаңа Алексеевка» ауылы емес. Бұл топонимика мен тілдік норманы тәртіпке келтіру ғана. Қазір орыс тілінің көрнекі қолданысында ешқандай түйткіл жоқ. Ал қазақ тілінде, екіншіше қарай, ондай түйткіл бар. Біз оны түзетуіміз керек. Мұны біз мемлекеттік тілдің қолданысын неғұрлым сапалы бақылау арқылы іске асырамыз. Сондықтан орыссыздандыру туралы еңгіме жоқ. Біз тек мемлекеттік тілдің дұрыс, сапалы қолданысы үшін, халықтың оған құрметпен қарауы үшін күресіп жатырмыз».

Ермек МҮСІРЕПОВ, Қазақстан

«Жылжымайтын мүлік» федерациясының президенті:

«Алдағы жылы жылжымайтын мүлік бағасы мемлекет тарапынан бөлінетін субсидия, ипотека, несиелік факторларға байланысты болады. Көктемде үйдің бағасы түседі деген болжам бар. Бұл тек жылжымайтын мүлік нарығында төртінші категорияға жататын эконом санаттағы үйлерге ғана қатысты. Өйткені қазір жоғары сұранысқа ие осы категория. Тұрғындардың айлығы өсіп жатқан жоқ, сондықтан осы санаттағы пәтер иелері бағаны көтере алмайды».



Талғат ЕРҒАЛИЕВ, Қазақстан

Құрылысшылар одағының басшысы:

«Елімізде тұрғын үй бағасының жоғары болуына бірнеше фактор әсер етуде. Мысалы, құрылыс компанияларына үймен бірге мектеп, балабақша, емхана сынды әлеуметтік маңызы бар нысандарды салу міндеттелді. Мұндай қосымша шығын бағаның қымбаттауына әкелді. Әлеуметтік маңызды нысандар мемлекеттік жекеменшік өріптестік асыында жүзеге асырылуы тиіс».

СҰРАҚ:

«20 жасында 3 млн теңге зейнетақы жинаған адам бар ма?»



ЖАУАП:

Жанат ҚҰРМАНОВ,
БЖЗҚ басқарма төрағасы:

«Бар, әрине. Менде қазір статистика жоқ, бірақ мен жауап беремін»



JAS QAIRAT – 30



Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған *Jas qazaq* газетінің арнайы жобасы. Тәуелсіздік құрдастары өзі туралы, егемен елдің мерейі туралы ой қозғайды.

Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған *Jas qazaq* газетінің арнайы жобасы. Тәуелсіздік құрдастары өзі туралы, егемен елдің мерейі туралы ой қозғайды.


Дінмұхаммед Нұрлан – еліміз Тәуелсіздік алған 1991 жылы өмірге келген. Мектепті бітірген соң Санжар Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде оқып, білім алды. Бүгінде Алматы қалалық кардиологиялық орталығында кардиохирург болып жұмыс істейді. Сырқат жандарға үміт сөулесін жағып, жүректеріне шипа дарытып жүрген ақ халатты абзал жанның Тәуелсіздік қадір-қасиеті, елдік ерен ұғымы туралы өз айтары бар.

бес ағайындымыз. Ең үлкені мен, төрт інім бар. Артымнан ерген егіз інім екі салада. Біреуі — әкемнің жолымен полиция қызметкері, ал оның сынары орман шаруашылығының инспекторы. Үшінші інім үйде ата-анам қарайласып отыр. Ал кенже інім 11-сыныпта оқиды. Дәрігер



Дінмұхаммед НҰРЛАН:

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДЕ ТУҒАНЫМА МАҚТАНАМЫН!



жылғы тәжірибемен келеді. Сондықтан тәжірибелі мамандардан әлі де үйренерім көп. Қазір жүрек трансплантациясы біздің еліміздің астанасы Нұр-Сұлтан қаласындағы орталықта жасалады. Осы отаны Алматы қаласында да дамытқымыз келеді. Болашақта күрделі ота Алматыда да жасалады деген ойдамын. Жүректі тындап тұру керек. Иә, кәдімгі қалыпты істейтін жүректің минутына қағысы жасыңызға сай қанша болатынын бағамдап

алыңыз да, жүрегіңізді тыңданыз. Кеудеңізге біткен жұдырықтай кесек ет қалай бүлкілдеп жатыр?

Оны айтып отырған себебіміз, бүгінде жүрек ауруы, медицина тәмсіліне теліп айтқанда, жүрек-қан тамыр аурулары әлем бойынша алдыңғы қатарға шығып алған. Басқа аурулардың көрсеткішінен жүректің ақауы әлдеқайда басым түседі. Кардиохирург мамандар жүрек ауруының жасарып, жасарғанда да тым терендеп, тіпті жатыр ішіндегі шарананың жүрегіне жабысып алатынын айтып дабыл қағуға мәжбүр.

Әлемді қоя тұрып, елімізде де жүрек-қан тамыр аурулары өзге кесел түріне қарағанда өршіп тұр. Еуразия кеңістігіндегі елдердің көрсеткішімен салыстырсақ, біз жүрек ауруынан алдыңғы орындамыз. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы жыл сайын жер бетінде «жүрек ауруынан 18 миллион адам көз жұмады» деген құйқанды шымырлататын деректі айтты.



Егемендікке қол жеткізген 1991 жылдан бері еліміздің медицина саласы да қарқынды дамыды. Басқа органдарды емдеу, дауалаумен қатар, жүрек-қан-тамыр ауруларын емдеу ісіндегі ерен жетістік — жүрек алмастыру отасын жасау да біздің елдің кардиохирургтарының да қолынан келетін шаруаға айналды. Қаншама адамға екінші өмір сыйлап келе жатқан кардиология өрісі, оның ішінде кардиохирургия саласында өзіміз замандастарым талантты жастар, білікті шоғыр есейіп келе жатқаны қуантады.

Біз — Тәуелсіздіктің құрдамысыз. Егемен елімізде мектепке барлық, білім алдық. Мемлекетіміз білім алам деген жасқа жағдайдың бәрін жасап отыр. Қазақстан 30 жылда қарыштап дамып, өзін дүниежүзіне таныта алды. Біздің медицина саламыз да ешбір елден кем емес. Бұл сала да айтарлықтай жақсы көрсеткішке жетті. Тәуелсіздік — біз үшін берілген үлкен бақыт дер едім. Қазір еліміз ешкімге тәуелді емес. Көк туымыз желбіреп, өз Елтанбамыз мен Әнұранымыз бар. Отыз жылда бізді бүкіл әлем таныды. Тарихымыз тереңде жатыр. Ең бастысы — ата-бабамыз аңсаған азат елміз. Басты мақсатым — Тәуелсіз еліме титтей де болса, өз үлесімді қосу. Осындай Тәуелсіз елде туғанымды мақтан етемін.

Дайындаған Қуаныш РАХМЕТ



мен Тәуелсіздіктің құрдасы екенімді мақтан тұтамын. 1991 жылы Жамбыл облысы Сарысу ауданы Ігілік ауылында дүниеге келдім. 1997 жылы ауылдағы Шоқай Датқа атындағы орта мектептің бірінші сыныбына қабылданып, 11 жыл білім алдым. 2008 жылы алтын ұя мектебіммен қоштасып, Алматыдағы С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетіне грантка

оқуға түстім. 2014 жылы бакалавр дипломын алғаннан кейін, екі жыл интернатура, төрт жыл резидентурада «кардиохирургия» мамандығы бойынша білім алдым.

Жоғары білімді маман атанғаннан кейін Алматы қаласының

Кардиологиялық орталығына жұмысқа қабылдандым. Қазір осы орталықта кардиохирург болып жұмыс істеймін.

Отбасымызда дәрігер мамандығы, оның ішінде кардиохирургия саласын таңдағандар жоқ. Ал өзім мектепте жүрген кезімнен дәрігер болуды армандадым. Университетте оқып жүргенде медицинаның барлық саласы бойынша тәжірибеден өтіп, білімімізді шыңдадық. Бірақ менің жанымға жақыны кардиохирургия болды. Сондықтан осы саланы таңдап, әрі қарай білімімді жетілдірдім. Отбасым туралы айтсам, әкем Талғат Ботабеков қазір зейнет жасында. Құқық қорғау саласының, оның ішінде жол-патруль полициясында білікті маман болып қызмет етті. Анам Гүлмира Ташболатова аудандық ауруханада медбике болып жұмыс істейді. Үйде

Бүгін Самал Бердиеваның төбесі көкке бір елі жетпей қалды. Енді шө, қала өкімі Бақытжан Сағынтаевтың өз қолынан пәтер кілтін алса! Жалғызбасты ана «Қызым екеуіміз жаңа жылды өз үйімізде қарсы аламыз» деп шаттанады. Арманын жүзеге асыруына септескен қала өкімдігіне де, «Отбасы банкіне» де дән риза.

Сәрсенбінің сәтінде Алматы қаласының өкімі Бақытжан Сағынтаев «Бақытты отбасы» және «Шанырақ» мемлекеттік бағдарламалары арқылы баспаналы болғандарға, сондай-ақ жұмыс істейтін жастарға жалдамалы пәтерлердің кілтін салтанатты жағдайда табыстады.

Бақытжан САҒЫНТАЕВ, Алматы өкімі:

«Бүгінде Алматы қаласы бойынша 32 500 адам кезекте тұр. 441 отбасы «Бақытты отбасы» бағдарламасымен үй алды. «Алматы жастары» бағдарламасы биыл жалғасын тапты. Бұл бағдарлама жұмыс істеп жүрген 1000 жасты қамтыса, биыл 924-і үйлі болды, қалғаны іздеп жатыр. Жалпы Алматыда биыл 5400 тұрғын баспанаға қол жеткізді. «Бақытты отбасы» бағдарламасы аясында көпбалалы аналарға, мүгедек бала асырап отырған отбасыларды қолдау мақсатында 2000 сертификат тағайындалды».

Бақытжан Сағынтаевтың айтуынша, баспанамен қамтуға арналған республикалық квотаға қосымша, биыл қала бюджетінен 3,3 млрд теңге бөлінген. Алдағы уақытта Алатау, Наурызбай және Түркістан аудандарында тұрғын үйлер салынып, қоныс тойын тойлайтындар қатары арта түспек.

«Бақытты отбасы» және «Шанырақ» мемлекеттік бағдарламалары «Отбасы банкі» арқылы жүзеге асырылатыны белгілі. Осы бағдарламалар бойынша үй алған бақытты жандармен сөйлесудің сәті түсті.

Аяулым ҚҰРМАТОВА, көпбалалы ана:

«Мен көпбалалы ана ретінде әкімдікте кезекте тұрдым. Төрт жыл бұрын «Отбасы банкінде» депозит ашып, ай сайын ақша салып отырдым. «Шанырақ» бағдарламасы туралы «Бақытты отбасы» орталығынан естіп-білдім. Биыл төлем қабілеттілігімізді растайтын құжаттарды өткіздім. Енді, міне, «Алма сити» тұрғын үй кешенінен су жаңа пәтер алып жатырмыз. Өз баспанам болғанға не жетсін! Ешкімге жалтақтамаймыз, ай сайын төлейтін 90 мың теңгені де қалтамыз көтереді. Қазір пәтер жалдау да қымбатқа түседі ғой. 10

ЖАҢА ЖЫЛДА – ЖАҢА БАСПАНА!



пайыз алғашқы жарнасын төледік. Тырмысып, алға ұмтылсаң, пәтер алуға болады екен. Ең бастысы, «Отбасы банкінде» есеп ашып, ай сайын үзбей ақша аударып отыру керек. Жаңа жылды жаңа баспанада қарсы аламыз. Балалар заттарын жинап та қойды».

Самал БЕРДИЕВА, жалғызбасты ана:

«Мен 2018 жылы «Отбасы банкінде» есеп ашып, ай сайын ақша құйып отырдым. 1,5 млн теңге көлемінде алғашқы жарнаны жинадым. Алматы әкімдігінде кезекке тұрдым. Негізгі бұл үйлердің бағасы 25-30 млн теңге шамасында, ал бізге арзан бағамен беріліп жатыр. 7-8 жылдан бері пәтер жалап келдім. Несиені төлеп біткеннен кейін үй өзіме қалады. Айына 104 мың теңге төлеймін».

«Отбасы банкінің» Алматы қаласы филиалы директорының орынбасары Данагүл Түсіпованың айтуынша, биыл ел аумағында «Бақытты отбасы» бағдарламасына 70 млрд теңгеден астам қаржы бөлінген. Бүгінде өтініш қабылдау аяқталды. Дегенмен «Отбасы банкі» төлем қабілетін растауға клиенттерді шақырды. «Бақытты отбасына» мүмкіндігі шектеулі бала асырап отырған отбасылар, көпбалалы және толық емес отбасылар қатыса алады. «Шанырақ» бағдарламасы бойынша Алматыда әкімдік тарапынан 4 мыңға жуық пәтер салынған. 13 желтоқсаннан бері «Отбасы банкінің» порталында пәтер брондау жүріп жатыр. Наурызбай ауданындағы «Алма сити» тұрғын үй кешенінде 1666 пәтер брондауға қойылған.

Гүлнар АХМЕТОВА



1

16 желтоқсан, 1991 жыл
«Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылданды



Model United Nations

2

2 наурыз, 1992 жыл
Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болды



3

Қазақстан өз еркімен ядролық қарудан бас тартты




4

4 маусым, 2002 жыл
Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары кеңесі (АӨСШК) құрылды



5

1-2 желтоқсан, 2010 жыл
Қазақстан ЕҚЫҰ-ға төрағалық етті



6

23 қыркүйек, 2003 жыл
Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі



7

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР



8

12 қараша, 1993 жыл
Төл теңге енгізілді



12

Мемлекеттік шекара шегенделді



9

30 тамыз, 1995 жыл
Қазақстан Конституциясының жаңа редакциясы қабылданды



10

10 желтоқсан, 1997 жыл
Ақмола қаласы ресми түрде Қазақстан Республикасының астанасы болып жарияланды



11

Ұлы көш
1 миллионнан астам қандас Атажұртқа оралды



13

370 млрд доллар тікелей шетелдік инвестиция тартылды



14

Мұнай – ел экономикасының локомотиві
1,6 млрд тонна «қара алтын» өндірілді



15

Орталық өңірлерге «көгілдір отын» келді
Ұзындығы 1061 шақырым «Сарыарқа» газ құбыры желісі тартылды



16

23 тамыз, 2000 жыл
Ұлттық қор құрылды

17

Цифрландыру жүзеге асты

18

5 шілде, 2018
«Астана»
Халықаралық қаржы орталығы (AIFC) жұмысын бастады

19

Азия-ЕО-Азия Қазақстан арқылы транзиттік контейнер тасымалы

Жыл	Орташа жылдық өсім
2017	4,722,3
2018	47,410,6
2019	1,700

Ұлы Жібек жолы қайта жаңғырды

20

13 мың шақырым тас жол, 2500 шақырым теміржол салынды

21

180 млн шаршы метр тұрғын үй салынды

QARYYSTY QADAM

22

1800-ден астам мектеп салынды

23

1800-ден астам аурухана мен емхана салынды

24

1 желтоқсан, 2011 жыл
Алматыда метро іске қосылды

25

Қазақ ғарышқа жол тартты
Тоқтар Әубәкіров,
Талғат Мұсабаев,
Айдын Айымбетов

26

Жастар әлемнің озық университеттерінде білім алды

27

Отандық вакцина

28

Қазақ спортшылары елімізді әлемге танытты

29

30 қаңтар – 7 ақпан, 2011 жыл
VII Қысқы Азияда ойындары өтті

30

Қазақ мәдениеті мен өнері өркендеп-өрледі



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

АЛЕҰМЕТ

www.jasqazaq.kz

Бәстiгy

Заңсыз букмекерлер Қазнетті жаулап алды. Құдды «Қой терісін жамылған қасқырдай» әрекет етеді.

Біз өткен жолы Қазнеттегі шетелдік букмекерлердің заңсыз бизнесі жайында әңгіме қозғаған едік. Жұмысын заң шеңберінде жүргізетін букмекерлерден оларды қалай ажыратуға болады? Енді соған тоқталайық.

ШЕТЕЛДІК АЛДАМПАЗДАР

Бүгінгі күні бүкіл әлемде миллиондаған жанкүйер беттингке мойын бұрды. Бұл тіпті жалпыға

сайттар мен Telegram-каналдар осы ресурстарды жан-жақты насихаттайды. Занды жұмыс істейді деп көрсеткісі келеді. Оған да ешкім кедергі келтіріп жатқан жоқ. Желіде осындай астыртын кеңселерді тікелей насихаттайтын жарияланым көп. Сондай-ақ «Қазақстан букмекерлерінің рейтингінде» занды букмекерлерге қоса, ондаған астыртын сайттар да тайға таңба басқандай ашық көрсетіледі.

Мұндай сайттарда қазақстандық лицензия бар ма, жоқ па, клиентке бәрібір. Әйтеуір, ұтысын төлесе болды. Бірақ кілтпан дәл соған келіп тіреледі. Шағын ұтыстарды астыртын букмекерлер лезде төлейді. Сол арқылы бәс тігуді енді бастаған жанкүйерлердің сеніміне кіріп алады. Ал егер сіз кенеттен ірі сома ұтып алсаңыз, міне, сол кезде қитұрқылық

букмекерлік кеңселер түрлі онлайн-каналдар, мәселен, Telegram арқылы кері байланысты көрсетеді. Бұл да, лицензияның жоқтығы сияқты, оның алаяқ сайт екенін дәлелдейді. Демек оған жоламаған дұрыс.

Шетелдік жалған букмекерлерді ажыратудың тағы бір белгісі — клиенттерге бас айналдыратын, адам сенбейтін шарттарды ұсынуы. Мәселен, олар бәс тігуде ең жоғары коэффициентті уәде етуі мүмкін. Барлық қазақстандық букмекерлер әрбір ұсынылатын линия шенберіндегі коэффициентті пайдаланады. Олармен салыстырғанда, алаяқтардың ұсынатын коэффициенті құдды той дерсін. Олар клиентті осылай тартады. Бірақ қазақстандық букмекерлер сізді алдайын деп тұрған жоқ. Сондықтан да олардың



АЛАЯҚҚА ЖЕМ БОЛУДАН САҚТАНЫҢЫЗ

ортақ трендке айналғандай. Бастапқыда тек спортқа қызығушылық танытқандар қазір спорт болжамында өз қарымын байқап көруде. Қолдарынан келеді екен. Спорт саласында бәс тігу қанатын кең жайып келеді. Бұл үрдіс біздің елімізді де айналып өткен жоқ.

Былтырғы жылы пандемияның кесірінен букмекерлік кассалар мен кеңселер шектеуге тап болғандықтан, олар өз алаңын желіге көшірді. Заманауи цифрлық технологиялар қаржы ағымы мен веб-сайттардағы жеке деректерді қорғауға мүмкіндік береді. Сондықтан занды түрде жұмыс істейтін букмекерлік компаниялардың ресурстарында бәс тігу қауіпсіз. Алайда ресми, лицензиясы бар беттинг сайттармен жарысып, желіде астыртын жұмыс істейтіндер де көбейіп барады.

Қарап отырсақ, олар да букмекерлер. Заң аясында жұмыс істейтіндерден еш айырмашылығы жоқ. Көпшілігінде тіпті лицензия да бар. Әйтсе де, ол біздің елдің лицензиясы емес. Соған қарамастан, желінің қазақстандық бөлігінде алаяқтықпен айналысып, жұртты алдап жүр.

Сонғы жылдары шетелдік букмекер кеңселері Қазақстанда жаппай өз сайттарын аша бастады. Өйткені мұндай «бизнеске» біздің елімізде ешқандай тосқауыл жоқ. Еліміздің төлем жүйелері осындай заңсыз онлайн-кеңселермен ауыз жаласып алған. Транзакцияны жүзеге асыратын банктер теңгені шет елдердің валютасына конвертациялап отыр. Шетелдік букмекерлер ешқандай салық төлемейді, ал клиенттері жетіп артылады. Қазақстан Өзін-өзі реттейтін букмекерлер ұйымының мәліметі бойынша, мемлекеттік реттеушіге жуырда тапсырылған бір ғана «қара тізімде» 250-ден астам заңсыз букмекерлік сайт көрсетілген. Олардың бәрі елімізде жұмысын жүргізіп отыр. Ал Қазақстанда тіркелген, ресми түрде жұмыс істейтін букмекерлік кеңселердің саны 30-дан аспайды. Салыстырып көріңізші! Шын мәнінде, бұл нарықты шетелдік алаяқтар жаулап алғандай!

Олар ақшаны аямай үйіп-төгіп, демеушілік жасайтын «сарапшысымақтар» — тақырыптық

басталады. Сізге «ереже бұздын» деп кінә арта бастайды. Не болмаса, уақыт созып, ақырында сіздің аккаунтыңызды бұғаттап тастайды. Заңсыз букмекерлік кеңсенің сайты із-түзсіз жоғалып кететін жәйттер де көп кездеседі. Ондайда қазақстандық клиенттердің аккаунттары, оған салынған бүкіл қаржы, сонымен бірге ғайып болады.

Мұндай алдампаз сайтты қалай танып, кәсіби түрде жұмыс істейтін отандық сайттан қалай ажыратуға болады?

Осыған қатысты бірнеше қарапайым кеңесімізді ортаға салайық.

«ҚОТЫР ҚОЙДЫ» ҚАЛАЙ АНЫҚТАЙМЫЗ?

Қазақстанда ресми тіркелген, жұмысын заңды жүргізетін букмекерлер өз сайттарында және онлайн-сатылымдарда міндетті түрде қазақстандық лицензиясын орналастырады. Әлбетте, бірде-бір шетелдік сайтта ондай лицензия атымен жоқ. «Қотыр қойды» ажыратудың ең бірінші және ең қарапайым тәсілі — осы.

Лицензия тек қазақстандық болуы керек! Есіңізде сақтаңыз, кейбір сайттар Ресей, Украина, Кипр немесе өзге бір елдің құжаттарын шығарып қояды. Шетелдік лицензия бұл бизнестің Қазақстанда заңсыз жұмыс істейтінін білдіреді. Әйтпесе, «қолдарында болса, олар қазақстандық лицензияны көрсетпей ме?!

Сондай-ақ қазақстандық сайт кері байланыс — мобильдік болсын, стационарлық болсын, телефон нөмірлерін міндетті түрде жазып қояды. Оған қоса, басқа да байланыс мағлұматтары болуы қажет. Оған заңды тұлғаның, кеңсенің мекен-жайы, телефондары кіреді. Шетелдік сайттардан ондай мағлұматты таппайсыз. Әдетте астыртын

коэффициенті ақылға қонымды. Алаяқ үшін ең бастысы — аңқау клиентті алдап соғу. Сіз алда-жалда әлгі керемет коэффициентпен көл-көсір ақша ұтып алсаңыз, ұтысты қолыңызға ұстата салуы екіталай. Осы тақырыпқа арналған чаттарда бұл туралы көп жазылған.

Сондықтан мұндай адам сенгісіз шарттарды көргенде, ең әуелі сайтты тексеріңіз. Онда қазақстандық лицензияны, кері байланысты, кеңсенің мекен-жайы мен телефон нөмірін, заңды жұмыс істейтінін білдіретін басқа да белгілерді таба алмайтыныңыз анық.

АЛАЯҚТЫ ӨШКЕРЕЛЕЙІК!

Сөз соңында тағы бір кеңес. Неліктен біз алаяқтарды Қазнетте тайрандатып қойдық? Отандастарымыздың есебінен



қалтасын кампайтуына неге көніп отырмыз? Алаяқты өшкерелеуге бәріміз білек сыбанып кірісуіміз керек. Қалай дейсіз ғой?

Желідегі заңсыз букмекердің сайтына тап болғанда, бір-екі минутыңызды тәрк етіп, осындай сайттарды бұғаттайтын қызметке хабарласқан дұрыс. Ол үшін цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі сайтының ақпараттық қауіпсіздік комитетінің ресми порталына кіріп, ондағы онлайн-қабылдауға алаяқ сайт туралы хабарлап, сілтемесін қыстыру керек. Сонда Қазнеттегі заңсыз ресурс сіздің арқанызда азан түседі.

Олжабек БАЙҚУАТОВ

Іс-шара

Еліміздегі зағип және нашар көретін жандарға арналған кітапханалар «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына – 30 кітап» тақырыбындағы жобаны қорытындылады.

Қорытынды шара отандық арнайы кітапханалар басшылары мен қызметкерлерінің қатысуымен Жамбыл облысындағы «Меркі радон» шипажайында офлайн режимде өтті. Шараны Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана ұйымдастырды. Сондай-ақ Жамбыл облысындағы арнайы кітапхананың басшылығы да атсалысты.

Кітап оқу, кітапқа деген қызығушылықты арттыру, халқымыздың рухани мұрасын сақтау мақсатын көздейтін республикалық «Бір ел – бір кітап» акциясы Ұлттық академиялық кітапхана мен Қазақстан кітапханашылар қауымдастығының бастамасымен қолға алынған болатын. Жобаға мәдениет және спорт министрлігі қолдау көрсетті.

Атаулы жоба АҚШ-та «Бір кітап – бір Чикаго» деген бастаманың ережесіне негізделген. Шартқа сәйкес, қала тұрғындары бір мезгілде бір шығарманы оқып, оны қоғамдық орындарда талқылап, өз ойын ортаға салады. Бүгінде «Бір ел – бір кітап» жобасының идеясы басқа да атаулармен әлемде кенінен тараған.

Біздің елде бұл игі шара 2007 жылы Абайдың «Қара сөздерінен» басталды. Жыл сайын осы жобаның аясында еліміздің барлық кітапханаларында көптеген іс-шаралар мен кітап көрмелері ұйымдастырылады. Тандаулы авторлар мен олардың

«ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА – 30 КІТАП»



шығармалары туралы ақпарат оқырман назарына ұсынылады. Қазіргі таңда қазақ әдебиетінің туындыларын оқып, талқылау қажеттілігі туындап отыр.

Сондықтан бұл жоба елімізде жылдан-жылға белсенді түрде жүзеге асып келеді.

Биылғы жылы «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына – 30 кітап» ұранымен өткізілді. Оған танымал қазақстандық авторлардың поэзия, проза, драматургия, балалар әдебиеті және аударма саласындағы 30 үздік шығармасы жалпыхалықтық оқуға іріктелді. Үздік шығарманы анықтауға отандық кітапханалар жүйесі атсалысты. Ел-жұрт болып оқитын кітаптар ата-баба дәстүріне мән беріп, жан тазалығын, шынайы қасиеттерді бағалап, татулық пен өзара құрметті арттыруға бағыттайды.

Елімізде зағип және нашар көретін азаматтарға арналған жалпы саны 17 арнайы кітапхана жұмыс істейді. Жыл басында Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана — әдістемелік орталық ретінде, арнайы кітапханалар шенберінде, ерекше оқырмандардың кітап оқуын қолдау мақсатында «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына – 30 кітап» жобасын әзірледі.

Жобаның басты мақсаты — зағип және нашар көретін оқырмандардың оқу сауаттылығын арттыру, заманауи қоғамдағы табысты, бәсекеге қабілетті және заманауи қоғамда өзара іс-қимыл жасай білетін тұлғаны қалыптастыру.

Республикалық кітапхана өңірдегі арнайы кітапханалар басшыларымен келісе отырып, акция барысындағы кітаптарды өзара бөліп алып, зағип жандарға қолжетімді нүктелі-бедерлі Брайль карпінде (*БНК*) және МРЗ аудионұсқада басып шығаруды басшылыққа алды. Жыл ағымында, аталған нұсқалардағы кітаптар бірыңғай стандартта шығарылып, арнайы кітапханалар өзара «word» нұсқасымен бөлісті. Жобада ұсынылған 30 кітаптың бәрі қамтылды. Республикалық кітапхана әзірлеген жоба барлық арнайы кітапхана басшыларының тарапынан қолдау тапты.



Қорытынды шарада арнайы кітапханалардың зағип жандарға қолжетімді нұсқада шығарған басылымдарынан жасакталған кітап көрмесі сұхбат алаңының төрінде орын алды. Шара барысында әр кітапхана тарапынан, шығарма және шығарманың авторы жайындағы дайындалған бейнероликтер тамашаланды. Бұл жалпыға ортақ іс болғандықтан, арнайы кітапхана өкілдері кітап шығару барысында орын алған келенсіз жайларға тоқталып, өзара пікір алмасты.

Кітаптар бірыңғай стандартқа сай жасалды ма, кімде қандай мәселелер туындады, қандай кедергілерге тап болды деген сияқты сұрақтарға жауап беру үшін «ЗНКААРК» РММ «Сөйлейтін» және Брайль кітаптарын шығару бөлімінің нүктелі-бедерлі кітаптар корректоры, арнайы маман — Лукерья Лоншакова «Нүктелі-бедерлі Брайль карпіндегі кітапты қалай дұрыс шығару керек?» деген тақырыпта дәріс оқыды.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді халқымыз. Кітаптардың дайын болған «word» нұсқасымен арнайы кітапханалар өзара алмасып, жыл аяғында жұмыла жасаған еңбегіміздің нәтижесі әрбір арнайы кітапхананың кітап сөресінен орын алып, кітап қоры 30 атауға толығатынына сенімдеміз. Көпшілік кітапханалар жыл кітабын оқып, шара өткізумен ғана шектелсе, зағип және нашар көретін ерекше жандарға қызмет көрсететін арнайы кітапханалар шығарманы оқырманға қолжетімді ету жолында тынбай еңбек етіп келеді.

Белгілі акын-жазушылардың шығармаларын ерекше оқырмандарға Брайль жүйесінде ұсыну және аудиоөнімдер арқылы насихаттау алдағы уақытта жалғасын табады. Шымкент қалалық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған арнайы кітапхана басшысы Бәкір Нұрманбетов аталмыш шараны келесі жылы Түркістан өңірінде өткізу жөнінде ұсыныс жасалды.

Захра МАХАНОВА,
«Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» РММ директорының кеңесшісі

Тағдыр

Желтоқсан көтерілісі болған жылы мен Алматыдағы шет тілдер институтында 3-курста оқитынмын. Небәрі жиырма жаста едім.

Желтоқсанның 16-сы ешбір алансыз, әдеттегі күн болып басталды. Танертен біздің топтын қыздары бас оқу корпусының алдында жиналды. Себебі сол күні Ә.Кастеев атындағы көркем галерея мұражайына барушы едік. Кураторымыз Күләйхан Тасболатқызы бастаған топ жаю-жалпы жоғары көтерілдік. Мұражайдан түске қарай шықтық. Осы кезде, қайдан құлағдар болғанын қайдам, *(ол кезде қазірдейді қалта телефоны жоқ болатын)* апай бізді тоқтатып, сөзіне мұқият құлақ асуын өтінді. Сосын танертен Орталық Комитетте пленум болып өткенін, онда Қонаевты алып, орнына бір орыстың тағайындалғанын, оған наразы болған жастар дәл қазір Брежнев алаңына жиналып жатқанын айта келіп, қандай жағдай болмасын, ол жаққа аяқ баспауымызды ескертті. «Қазір ешқайда бұрылмай, тұрасымен жатақханаларына барасындар», — деді нықтай. Біздің ойымызда ештеңе жоқ, бармау керек болса, бармаймыз дедік. Сосын тарай бастадық. Апай өз жөніне кетті. Шыны керек, жатақханаға қарай аяғымыз баспады. Есіл-дәртіміз алаңға ауды, онда не болып жатқанын өз көзімізбен көргіміз келді. Гүлнар ма, Ақшолпан

5-тер шамасында шерушілер мен жасақшылар арасында қақтығыс басталды. Алғашқыда жастар бос келмеді. Бірақ милицияға қосымша күш қосылып, бізді тықсыра бастады. Біз қарсыласып бақтық. Осы кезде аланның Фурманов көшесі жағынан өрт сөндіргіш машиналар шығып, шерушілерді сумен атқылады. Бұған жастар қатты ашынды. Ашуға берілген жастар алға лап қойды, сол кезде бірнеше машина өртке оранды. Соны біз өз көзімізбен көрдік, «осының бәрі біздің Алматыда болып жатыр ма» деп ойладық. Алаңдағы топалаң кезінде курстас құрбылар бір-бірімізден адасып қалдық. Қақтығыс барған сайын күшейе түсті. Шеруші жастар көз алдымызда соққыға жығылып жатты. Солдаттар ұл, қыз деп жатпады, шетінен өлімші қылып



кісі қатты ашулы» деді. ГРЭС жақта туыс ағам тұратын еді, көшеден такси ұстадым да, сол кісінің үйіне тайып тұрдым.

Жастардың бейбіт шеруін қан-жоса қып басқан соң, көп күттірмей жазалау науқаны басталды. Қазақтың жас жігіттері мен қыздарын оқу және жұмыс орындарына іздеп барып, қуғын-сүргінге ұшыратты. Желтоқсаншыларды жазалауда, әсіресе, өз арамьдан шыққан комсомол белсенділерінің қарқыны сұмдық болды. Олар ешкімді аяған жоқ. Әйтеуір, біздің курста оқитын қыз-жігіттердің ауызбіршілігінің арқасында, жазалаушылардың қара тізіміне ілінбей аман қалдық.

Сол дүрбеленнен есте қалған бір жайт, алаңға барғандарды сурет арқылы іздеу басталды. Кім қайда оқиды, қайда жұмыс істейді, сабаққа немесе жұмысқа уақытында келіп жүр ме, тергеушілер қатты тіміскіледі. Оларға комсомол комитеті көп көмек көрсетті. Біздің оқу орнында да жүріс-тұрысы бір түрлі адамдар пайда болды. Күнде жиналды, ту-гу әңгіме. Пәленшені комсомолдан шығарыпты, түгеншені тергеуге алып кетіпті дейді. Сол кезде орыс тобында оқитын үш қызды комсомол қатарынан шығарып тастағанда үлкен дау болды. Біз іштен тынып жүрміз. Тіпті қыздар бір-бірімізбен сөйлеспейміз. Сөйлессек, біреу естіп, МКК қызметкерлеріне жеткізіп қоятын сияқты. Егер суреттерден біреуіміздің бейнеміз шыға келсе, не болмақ? Ойлаудың өзі қорқынышты. Сол кезде «әлдекім курстасымыз Болат Шарахымбаевтың суретін

ЖЕЛТОҚСАНДЫ ОЙЛАСАМ, ӨЗЕГІМДІ ӨРТ ҚАБАДАЫ

ба, қазір есімде жоқ, бір қыз:

«Қыздар, тұр десе тұрып, отыр десе, отыра беретін үйретілген ит емеспіз ғой. Өз ойымыз, өз пікіріміз бар ересек адамдармыз. Жүріңдер, алаңға не болып жатыр екен, өз көзімізбен көріп қайтайық», — деді. Осыны күтіп тұрғандай бәріміз бұрылып алаңға тарттық. Брежнев алаңы біз тұрған жерден алыс емес еді. Тез-ақ жеттік. Өзіміз сияқты өрімдей жастар топ-топ болып жүр екен. Арагідік үлкен кісілерді де көзіміз шалды. Біз алғашқыда ештеңе түсінбедік. Мән-жайды біртіндеп түсіне бастадық. Сөйтсек, Мәскеудің бұл істеп отырғаны — Қонаевтың орнына

сабап, тепкілеп жатты. Солдаттар жағын қайдам, жастар арасында жаракат алғандар тым көп болды. Оларға ешқандай дәрігерлік көмек көрсетілмеді. Қатарымыз біртіндеп сирей бастады. Дегенмен не істесе де қайтпай, түнгі сағат 12-ге дейін аланды айналсоқтап жүріп алдық. Тек содан кейін ғана үй-үйдің арасымен жүріп отырып, жатақханаға оралдық.

Жатақханамызды бір жеті бойы милиция мен институт оқытушылары күзетіп тұрды. Бір де бір адамды рұқсатсыз кіргізбейді, не шығармайды. Катыл. Соған қарамай,

танып, айтып қойыпты» деген сөз желдей есті. «Ойбай, енді не болады?» деп қатты шошындық. Артынша «Болат ұсталыпты, тергеуде жатыр екен» дегенді естідік. Шынында, неше күннен бері ол сабақта жоқ еді. Бірақ анығын ешкім білмейді. Оны бір білсе, досы Серік Қайыпбаев білу керек еді. Сұрастырсақ, ол да бейхабар болып шықты. Ол кезде Болат пәтерде тұратын, алайда мекен-жайын ешкім білмейді екен. Іздеу басталды. Көрдім-білдім деген адам жоқ. Ізім-қайым. Факультет деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Нариман Мәметұлы ағай мен топ жетекшіміз Күләйхан Тасболатқызы «Шарахымбаев келді ме?» деп күнде сұрайды. Содан курстас досымыз жана жылдан кейін бір-ақ пайда болды. Бізге тұқ болмағандай кейіп танытқанымен, оған да бір тықырдың таяғанын сездік. Болатты кейін комсомол жиналысына салыпты, ректоратқа шақырыпты дегенді естідік. Одан кейін расында көрінбей кетті. Қанды желтоқсаннан сон қаншама қазақ жастары жазықсыз қудаланып, оқудан шығып қалды, жұмыстан қуылды, сотталып кетті. Тағдырлары құл-талқан болды. Қазір соны ойласам, өзегім өртенеді.



Қазақстан туралы түк білмейтін біреуді әкеліп барып тұрған әділетсіздік екен, бұл қазақты кемсіту, менсінбеу екен. Көзі ашық кісілердің осындай түсіндірулерінен соң патриоттығымыз ұстап, қанымыз ойнап шыға келді. Бірақ ол күні айтарлықтай ештеңе болмады. Басқа танымалың қыз-жігіттермен ергеніне шығуға сөз байласып, жатақханаға қайттық.

Түнімен ұйықтай алмадық. Жатақхана іші абыр-сабыр, астан-кестен. Әлденеге ішіміз ашиды, жүрегіміз дүрс-дүрс соғады.

Уаде бойынша желтоқсанның 17-күні алаңға курстастар Кәсіма Төлепбергенова, Гүлнар Дүйсенбекова, Қатира Кемелова, Гүлнар Сатамбаева, Бибігүл, Ақшолпан, тағы басқа бір топ қыз болып тағы келдік. Бұл күні алаңда ине шаншар жер болмады десе болады. Бір жігіт Лениннің портретін көтеріп алыпты. Сәл әріректен «Әр ұлтқа өз көсемі!» деген ұран жазылған транспарантты көзім шалды. «Менің Қазақстанымды» қайта-қайта қосылып шырқаймыз. Біз ең алдымен Қонаевтың алдымызға шығып, барлық мән-жайды өз аузынан түсіндіріп беруін талап еттік. «Ол сендердің шаруаларын емес, партияның шаруасы» деп түсіндірді бізге. «Партия не істейтін десе де өзі біледі» деді. Сонда атактың әнші Роза Бағланованың «Айналайындарым, балаларым, жалынып сұраймын, қайтыңдаршы!» деп жылап тұрып сөйлегені есімде. Қазақстан комсомолының жетекшісі Серік Абдрахманов, тағы басқа ығай-сығайларды да көзім шалған. Сағат

желтоқсанның 18-інде амалын тауып шығып, алаңға бет алдық. Барсақ, беттерінде қалқан, қолдарында резенке таяқ ұстаған әскерлер қатар-қатар аланды қоршауға алыпты. Жүздері сұсты. Жемтік көрген жыртқыштар сияқты. Өне-міне дегенше болған жоқ, қоршауға жақындай бергенде құрбым Гүлнарды солдаттар шап беріп ұстап, тартып әкетті. Тіпті көмектесіп үлгерсе алмадық. Улап-шулап қала бердік.

Енді не істейміз деп басымыз қатып тұрғанда, күтпеген жерден әлгі әскерлер лап қойды. Жапа-тармағай каша бастадық. Көпнен бірге қашамын деп, жүгіріп келе жатып, аяғым тайып жығылдым. Тобырда ақыл жоқ дейтіні рас қой, қашқан адамдар үстімнен таптап өте бастады. Тұра берсем қағып өтеді, қайта құлаймын, осылайша мен біразға дейін тұра алмадым. Есімнен танып қалыппын. Қанша жатқаным есімде жоқ, есімді жисам, бір жігіт мені қолтығымнан алып демеп тұрғызып жатыр екен. «Жүруге шаманыз келе ме? Ендеше, бұл жерден дереу кетіңіз!» деді әлгі дауысын қатайтып. Содан сүйретіліп жатақханаға келдім. Жатақханамыз Шағабутдинов және Шевченко көшелерінің қиылысында орналасқан еді. Кіреберісте старостымыз Ләйла қарсы жолықты. «Қаңғырып қайда жүрсің, сені декан іздестіріп жатыр?!» деді ренжіген түрде. Сосын жаны ашып кетті ме, «Мына түрімнен оның көзіне түспегенің жөн, әйтпесе... ол



Иә, Тәуелсіздік бізге онайлықпен келген жоқ, күреспен, қан төгіспен келді. Тәуелсіздік алғаннан кейін Желтоқсан көтерілісіне деген қоғамның түсінігі өзгере бастады. Бір кезде еркіндік ансап, алаңға шыққаны үшін қудаланғандар, тәуелсіздіктен кейін ұлықтала бастады. Бірақ неге екенін білмеймін, Желтоқсанда толарсақтан қан кешкендер өзінің әділетті бағасын әлі ала алмай отыр. Өкінішті!

Қазір осы Алматы қаласында «Думан» ықшамауданында тұрамын. Ш.Уәлиханов атындағы әйгілі №12 мамандандырылған гимназияда бастауыш сыныпта мұғаліммін. Еліміздің бостандығы үшін өз тағдырларын оққа байлаған өрімдей жас қыздар мен жігіттердің ерлігі мен намысшылдығын есіме алсам, жанарыма жас келеді. Енді біздің көрген қорлығымыз бен азабымызды болашақ ұрпақ көрмесе екен деп тілеймін.

Майгүл САТАМБАЕВА,
*Ш.Уәлиханов атындағы
№12 мамандырылған
мектеп-гимназияның оқытушысы*

Саяси арена

Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында, жас мемлекеттің әлемдік қоғамдастыққа толыққанды кіру жолына көз жүгірте отырып, ең алдымен Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымындағы рөлін атап өткен жөн.

1992 жылы 2 наурызда БҰҰ Бас Ассамблеясының 46-сессиясында Ақмарал Хайдарқызы Арыстанбековаға Президент және бүкіл халық атынан

Қазақстан Республикасын еркін, демократиялық мемлекет мәртебесінде беделді ұйымның толық құқықты мүшесі ретінде қабылдаған тарихи отырыста сөз сөйлеу сеніп тапсырылған кезде еліміз

Қазіргі уақытта Қазақстан аумағында халықаралық ұйымның жүйесіне кіретін 18 өкілеттік жұмыс атқарула. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасы бойынша, биыл Қазақстан Ауғанстанға жәрдемдесу бойынша миссиясы (МООНСА) мен БҰҰ-ның Ауғанстандағы басқа бөлімшелерін Алматы қаласына уақытша көшіруді қамтамасыз етті.

Осылайша, Қазақстан БҰҰ мен бүкіл әлемдік қоғамдастық мойындаған өңірлік

БҰҰ МЕН ҚАЗАҚСТАН ҰНТЫМАҚТАСТЫҒЫ



бұл халықаралық ұйымның 168-мүше мемлекеті еді. Бұл күн ел тарихында маңызды күн болды және болып қала береді.

Қазақстан әлемдегі ең биік мәртебелі ұйымға халықаралық қоғамдастықтың жаңа мүшесі ретінде ғана емес, қазіргі заманның аса өзекті ғаламдық мәселелері бойынша белсенді ұстанымға ие мемлекет ретінде кірді. Қазақстанның сыртқы саяси ұстанымы ұйым қарайтын мәселелердің бүкіл кешені бойынша мемлекет мүдделерін ескеру негізінде қалыптасуда.

1992 жылы 5 қазанда Тұңғыш Президент Н.Назарбаев БҰҰ-да алғаш рет сөз сөйледі. Еліміздің көптеген халықаралық бастамалары ұйымның жоғары мінберінен ұсынылып, бүгінгі күні сәтті жүзеге асырылуда.

Қазақстан сыртқы саясатының ядролық қаруды таратпау режимін нығайтудағы рөлі жекелеген талдауға лайық. Ядролық сынақтарды тоқтату ісіне қосқан еліміздің үлесі көпшілік тарапынан мойындалғанымен, ел басшылығы өз миссиясын аяқталды деп есептемейді. 29 тамызды БҰҰ Бас Ассамблеясы Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың бастамасы бойынша ядролық сынақтарға қарсы іс-қимылдың халықаралық күні ретінде жариялауы халықаралық қоғамдастықтың бұл күннің Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл адамзат үшін тарихи маңызы бар екенін тануы болды.

Қазақстан жаһандық ядролық қауіпсіздікті нығайтуды дәйекті түрде қолдап келеді. БҰҰ БА-ның 76-отырысында сөйлеген сөзінде Президент Қ.Тоқаев: «Сонғы отыз жыл ішінде бұл ұмтылыс Қазақстанды жаһандық антиядролық қозғалысқа қатысушы етті. Бұл біздің ұлттық бірегейлігіміздің бірегей бөлігіне айналды», — деп атап өтті.

Еліміз БҰҰ мен оның жүйесіндегі халықаралық ұйымдардың әлеуметтік-экономикалық дамуға жәрдемдесуге бағытталған нақты шаралар қабылдау жөніндегі мүмкіндіктерін барынша пайдалануға ұмтылады. Мыңжылдық даму мақсаттарын (МДМ) жүзеге асыру мәселесінде Қазақстан келешілікті азайтуды, білімге қолжетімділікті қоса алғанда, бірқатар міндеттерді орындады.

Халықаралық қауіпсіздік пен ядролық қаруды таратпау режимін нығайтуға қосқан үлесін, сондай-ақ БҰҰ-дағы белсенді қызметін ескере отырып, Қазақстан 2017-2018 жылдарға БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болып сайланды. БҰҰ КК мүшелігі — қазақстандық жетістіктерінің бірі. Осы жоғары мәртебеге сайлану процесін ұйымдағы Қазақстанның тұрақты өкілі Қайрат Әбдірахмановтың басшылығымен қазақстандық дипломаттар командасы дайындалды. Қазақстан БҰҰ КК тұрақты емес мүшесі болып бекітілгеннен кейін бұл жұмысты БҰҰ-дағы Қазақстанның тұрақты өкілі К.Омаров жалғастырды.

Қазақстан төрағалығы кезеңінде бүкіл әлемдік қоғамдастыққа сенім шаралары арқылы ядролық қаруды таратпау жөніндегі өзекті мәселелерге назар аудары отырып, мазмұнды бағдарлама ұсынды. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне мүшелігі шеңберінде мемлекет жеті басымдықты айқындады: ядролық қарудан азат әлем құру; жаһандық соғыс қатерін жою және өңірлік қақтығыстарды реттеу; өңірлік қауіпсіздік пен ынтымақтастықты нығайта отырып, Орталық Азияның мүдделерін ілгерілету; ланкестікке қарсы күрес; Африкадағы бейбітшілік пен қауіпсіздік; қауіпсіздік пен тұрақты даму арасындағы ажырамас байланысты қамтамасыз ету; сондай-ақ Қауіпсіздік Кеңесі мен БҰҰ-ның бүкіл жүйесін XXI ғасырдың өзгерістері мен сын-қатерлеріне бейімдеу.

және жаһандық қауіпсіздікті нығайтуға нақты және сындарлы үлес қосуда деп толық сеніммен айтуға болады.

Халықаралық процестерге қатысу тәжірибесі бар және қазіргі заманғы қауіп-қатерлерге серпінді әрі барабар жауап беру қабілетін көрсеткен қазақстандық кәсіби дипломаттар корпусы әлемдегі қауіпсіздіктің неғұрлым өзекті сын-қатерлерін шешуге белсенді атсалысуда. Олардың қатарында еліміздің жетекші жоғары оқу орны — Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ түлектері де бар. Олардың бірі Ақмарал Арыстанбекова — Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш елшісі, БҰҰ жанындағы Қазақстан Республикасының тұңғыш тұрақты өкілі, ЮНЕСКО жанындағы КР тұрақты өкілі. БҰҰ-дағы КР Өкілдігі басшысына жүктелген міндеттерді ҚазҰУ түлектері К.Әбдірахманов, Е.Қазыханов және К.Омаров абыроймен орындады. Женева қаласындағы БҰҰ бөлімшесі мен басқа да халықаралық ұйымдар жанындағы Қазақстанның тұрақты өкілдері ретінде Қ.Әбсейітов пен Ж.Айтжанова жұмыс істеді және жұмыс атқаруда.

ҚазҰУ еліміздің жетекші жоғары оқу орны ретінде БҰҰ-мен қарым-қатынастарды дамытуға өз үлесін қосуда. КР СІМ Ерекше тапсырмалар жөніндегі елшісі, профессор А.Арыстанбекова бастамасымен, университет Орталық Азия жоғары оқу орындарының арасында бірінші болып 2011 жылы «Академиялық ықпал» (UNAI) бағдарламасына қосылды. Сонымен қатар, ҚазҰУ Орталық Азия аймағында жоғары білім, экономика және әлеуметтік дамуға маңызды рөл атқаратын идеялар мен қағидаларды ілгерілету бойынша білім беру орталығы болу жауапкершілігін алды. БҰҰ бағдарламасы бойынша алғашқы қадамдар ретінде университет 2012 жылы халықаралық қатынастар факультетінде ұйымның қызметіне қатысты бірқатар іс-шараларды өткізді және БҰҰ-ның жәрдемдесу орталығын құрды.

БҰҰ экс-Бас хатшысы Пан Ги Мун Тұрақты даму жөніндегі жаһандық хабқа басшылық етудегі ҚазҰУ қызметіне жоғары баға берді. 17 Тұрақты даму мақсаттарын іске асыру бағытындағы шаралары университеттің білім беру, ғылыми және тәрбиелік қызметтері аясында жүргізілуде. 2018 жылдың мамыр айында Пан Ги Мун атындағы тұрақты даму институтының ашылуы университеттің белсенді қызметінің нәтижесі болды. БҰҰ моделі жобасы табысты әрі тиімді жүзеге асырылуда. Қазақстандағы алғашқы БҰҰ моделін ҚазҰУ халықаралық қатынастар факультеті БҰҰ қоғамдық ақпарат департаментімен бірлесіп өткізді. Жоғары оқу орны халықаралық ұйыммен одан әрі емісті әрекеттесу жоспарлары мен идеяларына толы.

Еліміз бен БҰҰ арасындағы ынтымақтастықты дамыту перспективасында Қазақстан БҰҰ мен оған қарасты ұйымдар ұсынған жағымсыз экономикалық және гуманитарлық салдарларды жұмсартуға бағытталған нақты шаралар қабылдау мүмкіндіктерін мақсатты түрде пайдалануға ниетті. Қазақстанның осы мақсаттар мен қағидаларға қол жеткізу жөніндегі өз міндеттемелеріне бейілділігі біздің еліміздің БҰҰ және оның жүйесіндегі ұйымдармен ынтымақтастығын одан әрі кеңейтудің негізі болып қала береді.

Қауіпсіздік кеңесі мен ұйымның бүкіл жүйесін XXI ғасырда адамзатқа төнген қауіп-қатерлерге бейімдеу міндеті аясында Қазақстан өзінің бірегей тәжірибесі мен арнайы білімін қазіргі уақытта БҰҰ алдында тұрған бірқатар өзекті мәселелерді шешу үшін пайдалана алады.

Қ.БАЙЗАКОВА, Ф.КҮКЕЕВА,
*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
профессорлары*



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

АИМАQ

www.jasqazaq.kz



Мәселе

Jas qazaq редакциясына өліміздің ер аймағынан араша сұраған хаттар көптеп түсіп жатады. Өткен аптада Атырау облысы Индер ауданынан келген хатқа назар аударып, мәселенің ақ-қарасын анықтауды қолға алған едік.

Жалпы жергілікті атқарушы билікке сөзі өтпей, мәселесі жетпей жүрер тұрғындар аз емес. Билік те өз өлкесінің тұрғындарының мұн-мұқтажын бес саусақтай біліп, мән-жайды

жауап айтпай шығарып салып жүргеніне біраз уақыт болған екен. Тендерге түседі, содан кейін ғана басқа баспанаға көшесіздер деп қана сендірген. Оның кандай тендер екенін, не себепті тапсырылмай жатқанын ешкім нақты түсіндірмеген. «Бізге ресми жауап керек! Апатты үйде қашанғы отырамыз?», — дейді кейіпкеріміз. ПМК ықшамауданында қалған бес пәтердің тұрғындарының да айтары осы.

Осы мәселемен Индер аудандық әкімдігіне хабарластық. Әкімдіктің баспасөз қызметі төмендегідей ақпарат берді: «Индер ауданы бойынша апатты жағдайдағы көп қатарлы

әлеуметтік жағынан осал топтағы азаматтарды тұрғын үймен қамту үшін қаржыландырылып, бағдарламаға сәйкес аталған санаттар бойынша пайдалануға берілді.

М.Кенжеғалиева 2018 жылдың 18 сәуірінде тұрғын үй кезегінде «Апатты деп танылған үйлер» санаты бойынша №20 болып тіркелген. Бүгінгі күнде кезектілік саны №17 болып тұр».

Сонымен әкімдік қызметкерлері Моншақ Кенжеғалиеваның мәселесімен әуелден таныс болып шықты. Ондағылар бізге бірден Моншақ апайдың апатты деп танылған үйлер санатымен №17 болып тұрғанын айтты. «Алайда

ҮЙ ҚОРАҒА АЙНАЛЫП БАРАДЫ

сыртқа таратпай, шешіп отыруы тиіс деп есептейміз. Алайда Атырау облысы Индер ауданының тұрғыны Моншақ Кенжеғалиева апатты жағдайдағы жатақхананың бірінде тұрып жатқанын айтып, жергілікті әкімшіліктен мардымды жауап ала алмай отырмаын деп хабарласты. Осындай жәй ғана іштен тындыратын шаруаны жергілікті биліктің неге нақты нүктесін қоймағанын журналистік нысанаға алдық.

Индер ауданының ПМК аталып кеткен ықшамауданында апатты жағдайда тұрған жатақханалар бар. Қаржысы бар, жағдайы жеткендері әлдеқашан жана үйге көшіп алған. Жалқы жатақханада қазір бес-ак түтін қалыпты. Бізге хабарласқан



биыл апатты үйлерді емес, «көпбалалы отбасы» және «халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарын» қамту үшін қаржы бөлінген. Сол себепті осы жылы индерлік апатты жатақханада тұрып жатқан тұрғындар үшін баспана қарастырылмайды. Апатты жағдайдағы үйлердің тұрғындары келесі жылы ғана жана баспанаға көшіріледі», — деді әкімдіктегілер.

Иә, қолайлы баспана — өзекті мәселе. Қазақ халқы дәйім ағайынның жағдайын жіті бақылап, жергілікті мәселені — жеті рулы елге естіртпей, жан-жағының жоғын дер уағында түгендеп отырды емес пе? Индер ауданының билігін қолға алған азаматтар да ауыл тұрғындарының тілегін ескеріп, апатты жатақхана тұрғыны М.Кенжеғалиеваға қолдау көрсетеді деп сенеміз.

Ескерте кетейік, біз екі жақтың да өз ауыздарымен айтқан сөзін қаз-қалпында жеткіздік. Аудио, қағаз түрінде барлық фактілер бар.

Нұрғұл НАСЫР,
Атырау облысы

Кәсіп – нәсіп

Атырау облысының Индер ауданында шағын кір сабын өндіру цехы жұмыс істейді. «Алтын» жеке кәсіпкерлігінің директоры Алтынбек Дүйсембиевтің бұх кәсіпті бастағанына бір жылға жуық уақыт болыпты.

«Бастапқыда біраз ізденіс үстінде жүрдік. Сабын өндірудің қыр-сырын білу үшін интернеттен ақпараттар жинап, әзірге өзіміздің шамамыз жететіндей деңгейде жұмысымызды бастадық. Шағын цех жасақтап, құрылғыларымызды орнаттық. «Көш жүре түзіледі» дейді ғой, енді ғана сабынымыз сапалы шыға бастады», — дейді кәсіпкер.

Алтынбектің айтуынша, кір сабын қоспасының басым бөлігі кәдімгі күнбағыс майы мен малдың іш майы көрінеді. Ол үшін ауылдағы фастфуд тағамдар дайындайтын дүңгіршектерден қайнатылған күнбағыс майларын жинайды. Оны арнайы ыдыста қайнатып, үлкен қазанға құяды. Қазандағы майға қоспаларын қосып, өбден илеген соң, қоймалжың сабынды нығыздап, пішініне келтіретін құрылғыға ауыстырады. Осылайша, кәдімгі кір сабын жасалады.

Бірақ ол әлі өнімін нарыққа шығара қоймапты. Әзірге



Алтынбек ДҮЙСЕМБИЕВ:

ЖАСТЫҚ ЖАЛЫН БАРДА ЕҢБЕКТЕНГЕН ДҰРЫС

қоймаға жинап жатыр. Алдағы уақытқа біраз жұмысты жоспарлаған. Кәсіпкер: «Аудан халқын сабынмен қамтысақ деген ойдамыз. Оған мемлекет тарапынан қолдау да бар. Жакында «4 млн 700 мың теңге ұттындар» деген хабарлама келді.

Ол қаржыны құрылғылар алуға жұмсаймыз. «Қолы қимылдағанның аузы қимылдайды» деген бар. Қазір талпынған адамға еңбек етуге мүмкіндік зор. Оның үстіне мемлекет тарапынан кәсіпкерлікке қолдау көп. Мәселен, бөлінетін гранттар, берілетін несиелер

қаншама? Соны пайдаланып, жастық жалын барда еңбектенген дұрыс деп есептеймін.

«Биыл — Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы. Осы жылдар ішінде біздің елде көптеген он өзгерістер болды. Көре білген адамға қай сала да қаркынды дамып келеді. Соның ішінде шағын және орта бизнесті айта кетуге болады. Бұның бәрі азаттығымыздың, ел бірлігінің арқасы деп есептеймін», — дейді жас кәсіпкер.

Нұрғұл СӘКЕНҚЫЗЫ,
Атырау облысы

Өзекті

Орал тауының оңтүстік сілемдерінен бастау алатын Жайық өліміздегі трансшекаралық өзендердің ірісі болып саналады. Кезінде Қасым Аманжолов «Жарқын жүзбен жайрандап, Жатырсың ағып, Жайығым» деп жырлаған, 2534 шақырымға созылатын қасиетті өзеннің қазіргі жағдайы көңіліңді жабырқатады. 1084 шақырымы Батыс Қазақстан және Атырау облысы арқылы ағып, Каспий теңізіне құятын өзеннің өзегі толған трагедиялық өкініш. Өйткені судың деңгейі жыл санап емес, күн өткен сайын төмендеп, экологиялық апатқа бастап келеді.

Ресей жерінен бастау алатын Жайықтың суын бұл елдің территориясында бір емес, үш бірдей су қоймаға пайдаланады. Яғни бір буғанда үш жерден буып, суын бөгейді деген сөз. Ресей Федерациясының Верхнеуральск, Магнитогорск және Ирикла су қоймасын аузы-мұрнынан шығара толтырып артылған суы қазақ жеріне ағып келеді. Жайыкқа құятын ең ірі су көзі — Башқұртстанның Сақмар өзені. Қазақ жеріне тек Шаған мен Елек дейтін шағын өзендер ғана қосылады. Каспий теңізіне дейін шөлейтті жерде басып ағатын Жайықтың көп суын да тусырылған құмдауыт өлке жұтып қояды.



2019 жылы Жайық өзенінің су деңгейі 240 сантиметрге дейін төмендеді, бұл елу жылда болмаған көрсеткіш еді. 2004 жылы 21 қыркүйекте өліміздің үкіметі мемлекеттік «Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерінің тізімі және ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілеріндегі шаруашылық қызметті реттеудің құқықтық режимінің ерекшеліктері туралы» №59 қаулысында Каспий теңізі, Алакөл көлдерінің жүйесі, Ертіс өзені кірген. Үкімет басындағылары сол кезде Жайық өзенінің ерекше мемлекеттік маңызы бар су нысаны деп таппаған. Соның зардабын енді тартып жатырмыз. Жайық өзенінің бойында Атырау облысының 87 елді мекені қоныс тепкен. Бұл дегеніміз — Атырау облысы халқының сексен пайызы қасиетті өзен суының бойында тіршілік етеді деген сөз. Өліміздің батыс өңірі үшін аса маңызды саналатын тіршілік нәрі Жайықтың гидрогеологиялық режимінің бұзылуы туралы Мәжіліс депутаттарының көтерген мәселесін ұсынамыз.

ТАРТЫЛҒАН ӨЗЕН ТАҒДЫРЫ АЛАҢДАТАДЫ

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің орынбасары Р.В.Склярға депутаттық сауал.

Сізге осы депутаттық сауалды жариялауға батыс өңірлерін ауыз сумен қамтып отырған Жайық өзенінің бүгінгі жағдайы себеп болып отыр.

Ел Президенті Қ.К.Токаев 2021 жылдың 4 қарашасында Екібастұз қаласында өткен монокалаларды дамыту жөніндегі кеңесте сөйлеген сөзінде Сырдария, Жайық және Іле өзендерінде апаттық таяздану және экологиялық жағдайдың нашарлануы байқалып отыр деп атап көрсетті.

Тек қана 2021 жылы Үкіметке Жайық өзені және Атырау облысының Ойыл, Сағыз, Жем сияқты ішкі өзендерінің су деңгейінің төмендеуі туралы бірнеше рет депутаттық сауал жолданған болатын.

Ендігі айтпағымыз, соңғы бірнеше айда Батыс Қазақстан және Атырау облыстары арқылы өтетін Жайық өзенінің деңгейі күрт төмендеп, апатты жағдай қалыптасып отыр. Бұған, әрине, көптеген антропогендік факторлар себеп. Бірақ негізгі себеп — судың табиғи өнуінің төмендеуі және Ресей Федерациясындағы су пайдаланушылардың бірнеше есеге көбеюі.

Бұрын-соңды болмаған, судың азаюынан, өзен ортасында төбешік аралдар бой көтере бастады. Бұл көрініс бүгінде екі облыстың халқына алаңдаушылық тудырып отыр.

Үкіметіміз Ресей үкіметімен бірлесіп, 2020 жылы Жайық өзені бойынша үкіметаралық комиссия құрғанын білеміз. Ол комиссия қазір өз жұмысын жасап жатыр. Әрине, үкіметаралық комиссия өз жұмысын табысты жүргізуіне тілектеспіз және одан оң нәтиже күтеміз. Комиссия жұмысы әлі бірталайға созылады. Алайда бүгінгі таңда Батыс Қазақстан облысының Орал қаласымен төрт ауданын, Атырау облысының Атырау қаласымен үш ауданын, барлығы 1 миллионға дейін халықты ауыз сумен қамтып отырған мұндай стратегиялық өзеннің жағдайы мүшкіл. Сол себепті уақытты өткізбей, халықты ауыз сумен қамтудың қосымша жолдарын қарастырып қойғанымыз артық болмайды деп ойлаймыз. Ол үшін мамандарды тартып, алдымен облыстар территорияларындағы жер асты суларының қорын қайта есептеу, Атырау облысындағы Жанасу, Бали сияқты су кен алаңдарындағы далаға ағып жатырған өзағар гидрогеологиялық ұңғыларды шұғыл түрде тоқтату, Каспий теңізінде су тұщыту қолдырғысын орнату мүмкіндігін қарастыру, су қоймасын салу, қалалардағы шаруашылықтарды техникалық сумен қамту, Ақтөбе облысында қоры зерттеліп жатырған Көкжиде су кен орнынан су құбырын тарту, жалпы екі облыс көлемінде су пайдалану тәртібін қайта қарау, үнемді пайдалану, тағы басқа жолдарды қарастыра беру керек.

Трансшекаралық Жайық өзенінің экожүйесін сақтау мен қалпына келтіру бойынша Қазақстан-Ресей ынтымақтастығы бағдарламасы бойынша жасалуы тиісті ғылыми-зерттеу жұмыстарына 2022-2024 жылдарға арналған 3-жылдық бюджетте қаражат қарастырылмаған. «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасында да Жайық өзеніне көмек туралы ештеңе айтылмаған.

Сондай-ақ Үкімет өліміздегі 2218 өзағар гидрогеологиялық ұңғыларды жоймақ. Осыған байланысты батыс өңіріндегі 93 ұңғымасы бойынша Жобалық сметалық құжаттардың дайындық деңгейі туралы түсіндірме беруді және алдағы жылдары, яғни 2022 жылы республикалық бюджеттен қаржы қарастыруды сұраймыз.

Бұл мәселелер жөнінде облыс әкімдіктері де жұмыстанып жатқан болар.

Дегенмен, «жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, Үкімет бас болып, қазірден бастап облыстармен бірігіп жоспар жасақтауға кірісуі қажет деп санаймыз. Жайық өзенінің тарихына қарасақ, сонау 1937-1938 жылдары осылайша су деңгейінің төмендеуі болған және ол кейін қайта қалпына келген. Өкінішке қарай, бүгінгідей әлемдік климаттың өзгеруі болып жатырған уақытта бір күндері өзен деңгейі орнына келеді деп күтіп отыруымыз орынсыз. Мүмкін, біз ойлағандай жағдай бұдан да мүшкіл күйге жетпей, су деңгейі біркалыпты болып, халық қиындық көрмес. Бірақ уақытты жібермей, болып қалуы мүмкін қиындықтың алдын алып, тіршілік жасауымыз керек деп ойлаймыз.

С.НАКПАЕВ, Д.ТҮРҒАНОВ, Н.ОЖАЕВ, М.ҚҰЛШАР, Е.ЖАҢБЫРШИН, С.МҰСАБАЕВ,
Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің «Nur Otan» партиясы фракциясының мүшелері

Н.ТӨРЕҒАЛИЕВ, *Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты*

С.ЕРҰБАЕВ, *Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің «Ақжол» Қазақстан демократиялық партиясы фракциясының мүшесі*

Көкшетау қаласында ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік – Тұғырым» атты халықаралық ақындар айтысы өтті. Жыр додасын Ақмола облысы әкімдігінің қолдауымен облыстық халық шығармашылығы және мәдени демалыс орталығы ұйымдастырды.

Аламан айтысқа Қытай Халық Республикасынан, Қырғызстаннан және еліміздің түкпір-түкпірінен танымал 12 айтыс ақыны жиналды. Атап айтсақ, Қытайдан Ерлан Аманкожа, Қырғызстаннан Асылбек Маратов пен Темірбек Мытыбаев, Нұр-Сұлтан қаласынан Әсем Ережеқызы, Батыс Қазақстан облысынан Мұрадым Мирланов, Костанайдан Айбек Калиев пен Тоба Өтепбаев, Қарағандыдан Айтбай Жұмағұлов, Павлодардан Аспанбек Шұғатаев және Ақмола облысының намысын Ерлан Дәулет, Абзал Жұмабек, Нұрмахан Жакыпбек айтысқа шықты.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, айтыстың мақсаты — еліміздегі тыныштық пен бірлікті, қол жеткізген табыстарын, кешегісі мен бүгінгі жарқыратып жыр жолдарымен өрнектеу, Тәуелсіздіктің маңызын, саяси тұрақтылықты ұтқыр оймен жеткізе білу болды.

Ал іс-шараның басты бағыты — қазақ халқының рухани мұрасын насихаттау, үздік суырып салма ақындарды анықтау және қолдау, қазақ халқының қалың бұқарасын дәстүрлі фольклорлық шығармашылыққа тарту, халықаралық мәдени ынтымақтастықты кеңейту.

Ежелден сал мен серілердің мекені болған Көкшетауда халықаралық айтыстың өтуі заңды да. Көкше жұртшылығының ыстық ықыласы мен қуатты қошеметінен де халықтың айтысты сағынып қалғаны байқалып-ақ тұрды. Акан сері, Біржан сал, Үкілі Ыбырайлардың жерінде өткен

жылдығын тойлайды. 30 жылдың ішінде бір ғасырға бергісіз істер жасалды.

Тәуелсіздіктің басты жетістігі — желбіреп тұрған Көк байрағымыз, Әнұранымыз, Елтанбамыз. Санамыз бен рухымызбен бірге қайтадан өзімізге оралған мына айтыс та — Тәуелсіздіктің жемісі».

Айтыс екі айналымнан тұрды. Барлық ақындар аянбай өз өнерін ортаға салды.



30 ЖЫЛДЫҚТЫҢ ЖЕМІСІ

(Көкшетауда «Тәуелсіздік — Тұғырым» атты халықаралық ақындар айтысы өтті)



жыр додасын айтыскер, танымал акын Арман Бердалиев жүргізді.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы-драматург, публицист Жабал Ерғалиев, Мағжан Жұмабаев атындағы Ақмола облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасының директоры, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, акын Құдайберлі Мырзабек, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, акын Ерболат Баятұлы, филология ғылымдарының докторы, доцент Сәбит Жамбек, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, журналист, акын Алмас Темірбай айтыскерлердің өнерін бағалап, қазылық өтті.

Іс-шара барысында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жабал Ерғалиев егемендіктің маңызын атап өтті: «Бұл айтыс «Тәуелсіздік — Тұғырым» деп аталып отыр. Қазақстан Республикасы өз Тәуелсіздігінің 30

Тәуелсіздік тақырыбын әркім әр түрлі толғап, көкейтесті тақырыптарды қозғады. Айтқан сайын төселіп, шапқан сайын көсіле түскендей. Алғашқы айналымда шыққан 6 жұптың келесі кезеге ережеге сәйкес тек үшеуі өтті.

Айтыстың қорытындысы бойынша, Ақмола облысының атынан шыққан Нұрмахан Жакыпбек пен пен Ерлан Дәулет жүлделі 3-орынды иеленді. Оларға 500 000 теңге көлемінде ақшалай сертификат табысталды. Нұр-Сұлтаннан келген айтыстың аккумуля болған Әсем Ережеқызы мен ҚХР Ерлан Аманкожа 2-орынға және 650 000 теңге ақшалай сертификатка ие болды. Қырғызстан Республикасының атынан келген Темірбек Мытыбаев 1 000 000 теңге және жүлделі 1-орынды ұтып алды. Ал Батыс Қазақстан облысының айтыскер ақыны Мұрадым Мирланов аталған жыр додасының

жеңімпазы атанып, бас жүлде 1 500 000 теңгені қанжығалады.

Сондай-ақ Көкшетау қаласының атынан қатысқан Абзал Жұмабек, Костанайдың намысын қорғаған Айбек Калиев, Павлодардан келген Аспанбек Шұғатаев және Қырғызстанның ақыны Асылбек Маратов 150 000 теңге көлемінде ынталандыру сыйлығымен марапатталды.

Айта кетейік, ел азаматтары қырғызстандық Асылбек Маратовты құрметтеп, қонақжайлылық танытып, Көкше жұртшылығының, елдің атынан жылқы мінгізді.

Ал аламан айтыстың ең жас қатысушысы, үшінші орын иегері көкшетаулық Нұрмахан Жакыпбек өз қуанышын жасыра алмады.

«Тәуелсіздік күні қарсаңында Ақмола жерінде жарқын мәдени іс-шара өтті. Қатысушылардың әрқайсысы шеберлік пен

мен құжаттамалар басқармасының басшысы Айгүл Сәбитова қойды.

«Қытайдан, Қырғызстаннан келген, өзіміздің айтыскерлерге алғысымыз шексіз. Әрқашан да осындай әдемі залда, тек қана жоғары деңгейде жыл сайын осы секілді маңызды айтыстарымыз бола берсін. Егеменді еліміз өркендеп, өсе берсін!», — деді басқарма басшысы қорытынды сөзінде.

Айта кетейік, өңірде Тәуелсіздіктің мерейтойы аясында 1000-нан астам түрлі мәдени іс-шаралар өткізілді. Мәдениет, архивтер мен құжаттамалар басқармасының мәліметінше, Ақмола облысында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған өзге де мәдени, қоғамдық іс-шаралар өткізілді.

Мерген ТОҚСАНБАЙ,
Көкшетау

Абайдың «Жидебай-Берілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейінде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Тәуелсіздік және абайтану» атты тұрақты экспозиция ашылды.

Тәуелсіздік жылдары Абай тұлғасы елдіктің символы болды, оның халықаралық деңгейде кең танылуына Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ерекше көп күш салды. «Елбасының Абайды асқақтатуы» атты мақаламда тәуелсіздік кезеңінде әлем мемлекеттеріне Абай тұлғасын Елбасының кеңінен насихаттағанын таратып жаздым.

Сондай-ақ хакім Абайдың 175 жылдық мерейтойы қарсаңында Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей қадағалап, қолдауымен мол қаржы бөлініп, Абай

музейі XXI ғасырға сай жаңаша музейлендірілді. Бүгінде Абай музейі — Семей қаласының рухани орталығына айналды. Қала қонақтарын Абай музейіне әкелу жақсы дәстүрге айналды. Бұл біз үшін үлкен мәртебе.

Тәуелсіздік жылдары, абайтану ғылымы да әр

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ АБАЙТАНУ



қырынан дамыды. Ұлттық ғылым академиясында, жоғары оқу орындарында Абай мұрасының жүйелі түрде зерттелуі, осы саланың жаңа сапаға көтерілгенін көрсетеді. Мәселен, Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жарық көрген сериялық «Абайтану» жинағы, көрнекті абайтанушы Мекемтас Мырзахметұлының 10 томдық іргелі «Абайтану» еңбегі, басқа да көптеген еңбектер, бізге Абай музейінде «Тәуелсіздік және Абайтану» атты тұрақты экспозиция ашуға мүмкіндік берді.

«Тәуелсіздік және Абайтану» тұрақты экспозициясының Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында ашылуы — тәуелсіздіктің ғылым мен өнердің дамуына ерекше серпін бергенін көрсететін аса маңызды фактор. Сондықтан жаңа экспозицияны Абай музейінің Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына арнаған жарасымды тартуы деп айта аламыз.

Тұрдықұл ШАНБАЙ,
философ-әдебиеттанушы,
Абайдың «Жидебай-Берілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейінің директоры





E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Адам баласы арманшыл әрі қызыққа да тоймайды. Жаңа ғасыр қарсаңында алда не күтіп тұрғанын айтқыш сәуегейлердің, көріпкелдердің жойдасыз көбеюінің бір себебі осында жатыр. Біразы мемлекеттік билікке ықпал етті. Ресейдегі соңғы патша II Николай тұсындағы Распутин құбылысы осыған дәлел. Бірақ заманның ерекшелігі мен мазмұнын дәлме-дәл көрсете алғандар көп емес. Болашақты болжаудың тамаша үлгісін Алаш көсемдері көрсетті. М.Дулатовтың ғасыр басындағы «Оян, қазақ!» ұраны қазақ қоғамы үшін ғана емес, Азия мен Африканың, Латын Америкасының отар халықтарына жол көрсеткен ұлы бастама. Әттең, санымыз аз, тұзымыз жеңіл болғандықтан, интеллектуалды топжарған тұлғаның көрегендігі кеше де, бүгін де дуғыс бағасын алмай келеді. Өйтпесе, 30-40 жыл өтер-өтпестен ұлттық, саяси, экономикалық азап шегіп, жаншылғандардың қаһарынан отарлық жүйе күйрегені ақиқат қой.

ӘЛЕМДІК ҚҰБЫЛЫС

Империялардың ең ірісі, әрі АҚШ Президенті Р.Рейган дөп басып айтқандай, зұлымы Кеңестер Одағы еді. Алпауыт елдің ыдырауына әкелген себептер өте көп. Ал түрткі болған оқиға — 1986 жылғы желтоқсанда бүрк еткен қазақ жастарының көтерілісі. Баскаша болуы мүмкін де емес еді. Қатыгездігімен, актауға жатпайтын қылмысымен белшесінен қанға батқан кеңестік тоталитарлық жүйені күйретуге шешуші соккы берген желтоқсан құбылысы тарихи маңызы бойынша Үндістандағы, Қытайдағы, Оңтүстік Африкадағы, Мысырдағы ұлт-азаттық көтерілістерінің қатарында тұруы керек. Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Ербол Сыпатаев, Сәбира Мұхамеджанова сынды құрбандары, Ө.Жолдасбеков, Т.Кожакеев, Ә.Уаков, И.Дауранов, т.б. жазықсыз жапа шеккендер М.Ганди, Сун Ятсен, Нельсон Мандела, Камал Насер шоғырындағы тұлғалар биігінде ұлықталуы тиіс.

Желтоқсанның ызғарлы күндерінде, одан кейінгі жылдарда халықаралық акниетті күштер К.Рысқұлбековті қолдауымен, КОКП басшысы М.Горбачевті сынауымен қазақ көтерілісін ұлықтап, беделін биікке көтеріп еді. Біз осыны ұстап тұра алмадық. Тегеурінді де табанды



*** ЖЕЛТОҚСАН – ҰАТ ТАРИХЫНДАҒЫ ЖАСАМПАЗДЫҚ ӘЛЕУЕТТІҢ ЖҰЛДЫЗДЫ СӘТІ. МЫҢ ӨЛІП, МЫҢ ТІРІЛГЕН ХАЛҚЫМЫЗ 1001-ШІ РЕТ ӨЛҮГЕ КЕЛІСПЕЙТІНІН ӘЛЕМГЕ ПАШ ЕТТІ. ТОҚЫРАУМЕН МАРҒАУЛАНҒАН, МӘНГҮРТТЕНУГЕ БОЙ АЛДЫРА БАСТАҒАН ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫН ОЯТТЫ. КЕҢЕСТЕР ЕЛІНДЕ ІЛЕ-ШАЛА БАСТАЛҒАН АУЫР ДАҒДАРЫС АЗАТТЫҚ ПЕН ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ЖЕТУДІ ҚАЗАҚТЫҢ ҰАТТЫҚ ИДЕЯСЫНА АЙНАЛДЫРДЫ.**

жоктаушысы болмағандықтан, желтоқсан зердеден өшпесе де, екінші қатарға ысырылып, бізден әлдеқайда кейін өткен Бакудегі, Тбилисидегі, Балтық жағалауы елдеріндегі оқиғалар алдымен ауызға алынатын болды.

Тарихта ақтандақтар болмауы керек. Социализмді құлатуға жол ашқан, ұлттық азаттығымыздың бастауы болған үш күнді Отандық ғылымның, өнердің, БАҚ-тың, тіпті саясаттың күшімен әлемдік құбылыстар қатарына қосу — бәріміздің міндетіміз. Осыған қарап-ақ басқалар қазақтың кім екенін ұғынатын болады.

ҰАТТЫҚ АЗАТТЫҚ

Кеңестік биліктің желтоқсанға берген бағасы бізге белгілі. Оны ұлтшыл маскүнемдердің, нашақорлардың, масылдардың бүлгі ретінде күйеледі. Ұлт мақтанышы Д.Конаевты құбыжыққа айналдырды. Ашық айтпаса да, қазақтар тағылық пен жабайлықтан ұзаққа кетпеген қауымдай бейнеленді. Кремль ақиқозденді. Мәскеу ұйымдастырған осы спектакльдің Одақтас республикалардағы мазмұнын, жиілік қойылымын, интонациясын БАҚ материалдары негізінде талдаған артық етпес еді. Сонда кімнің кім екенін, бүйрегі кімге бұратынын біле аламыз. «Не жазып кетсе, жайы сол» деген емес пе хакім Абай. Желтоқсанның бұл да бір ақтандағы. Кремльдің көздегені мен көкесегені не екенін республика басшылығына әкелген адамынан көруге болады. Мәскеу тағайындаған Г.Колбин үш жыл бойы сөзде бар, өмірде жоқ ұлтшылдықпен күресті.

Азаматтарымызды оқудан шығарды, қызметтен алды, соттады, қазаққа қаны қарайғандарды қолдалы, өсек пен өтірікті судай сапырды.


Дүниені дүр сілкіндірген үш күннен бері, міне, 35 жыл өтіпті. Әлем таныған азат елміз. Ашу-ыза басылды. Ақылға ақыл қостық. Енді сол күндердің тәжірибесін, тағылымын, сабақтарын, қаһармандары мен

шыққан көрінісі. Оны оқиға, көтеріліс, қозғалыс мәртебесімен ұлықтайтындар бар. Қалай болғанда да, әлемдік құбылысқа тікелей қатысты себеп пен салдардың, ұғым-терминдердің мәнін де, аражігін де ажырата алудың танымдық, тәрбиелік, практикалық жауапкершілігі аса зор, нәтижесі бәсекелік қабілетімізге оң ықпал етеді, ақиқаты ұлттық жаңғыруға серпін береді. Мұны кеңестік дәстүрмен «сана бірінші ме, материя бірінші ме?» төңірегіндегідей пәтуасыз талас-тартысқа айналдырумен әлі 100 жыл көктануаулықтан ажырамаймыз.

Әңгімені созбай, төтесінен қайырсақ, желтоқсан-86 мазмұны жағынан ұлт-азаттық қозғалысына жатады. Өйткені кез келген отар елдегі қарсылық бірде кемел, бірде жартылай ұлт-азаттық қозғалысының миссиясын атқарады. Женсе де, жеңілсе де түп көздегені — ұлтының азаттығы.

Ұлы даладағы ұлт-азаттық қозғалысының тарихы өте бай. Оның шарықтау шыңы — Алаш қозғалысы. Алаштықтар әлеммен ықпалдастықтың, мемлекет құрудың, елді басқарудың, әскер жасақтаудың, жер қатынастарын реттеудің, ұлтаралық ынтымақ пен келісімге қол жеткізудің, интеллектуалды серпілістің моделін ұсына алды. Күні бүгінге дейін өзектілігі мен өміршендігін жойған жоқ.

ЖЕЛТОҚСАН АҚИҚАТЫ МЕН АҚТАҢДАҚТАРЫ



*** ТАРИХТА АҚТАҢДАҚТАР БОЛМАУЫ КЕРЕК. СОЦИАЛИЗМДІ ҚҰЛАТУҒА ЖОЛ АШҚАН, ҰАТТЫҚ АЗАТТЫҒЫМЫЗДЫҢ БАСТАУЫ БОЛҒАН ҮШ КҮНДІ ОТАНДЫҚ ҒЫЛЫМНЫҢ, ӨНЕРДІҢ, БАҚ-ТЫҢ, ТІПТІ САЯСАТТЫҢ КҮШІМЕН ӘЛЕМДІК ҚҰБЫЛЫСТАР ҚАТАРЫНА ҚОСУ – БӘРІМІЗДІҢ МІНДЕТІМІЗ. ОСЫҒАН ҚАРАП-АҚ БАСҚАЛАР ҚАЗАҚТЫҢ КІМ ЕКЕНІН ҰҒЫНАТЫН БОЛАДЫ**

сатқындарын ғылым сөзімен дәйектейтін уақыт келді.

Иә, бұған дейін аз жұмыс атқарылған жоқ. Қуғын-сүргінге ұшыраған желтоқсандықтар Президент Жарлығымен ақталды. Түрмеден босатылды, біразы орден-медальмен марапатталды. Мектептерге, көшелерге, т.б. нысандарға есімдері берілді. Желтоқсан тақырыбымен жарық көрген шығармалар, жер-жерге қойылған ескерткіш-мүсіндер баршылық. Бірақ желтоқсан ақиқатын ашуда, ақтандақтарын тарқатуда бұлардың бірде-біреуі ғылым сөзінен толымды бола алмайды.

Біреулер үшін желтоқсан қазақ ұлтшылдығының сыртқа

ҚЫАМЫС ПЕН ҚИЯНАТ

Большевиктер 1917 жылы билікті қалай заңсыз алса, 1991 жылдың тамызында тарих сахнасынан кеткенше заңды белден басуын бір сәтке тоқтатқан емес. Оны ел ішінде «социалистік заңдылық», сыртқы саясатта «интернационалистік борыш» категорияларымен тігісін жатқызды.

Желтоқсанда ұйымдастырған қылмысы мен қиянатында тарыдай «жанашылдық» жоқ. Әлденеше мың адам соккыға жығылды, денсаулығынан айырылды, тағдырлары талқандалды. Бұл туралы құжаттар мен айғақтар мольнан сақталған. Ауыл шаруашылығы институтының студенті К.Әуелбекұлы деген азамат «Санамда мәңгілік сақталды» естелігінде былайша тебіреніпті: «Жатақхана алаңға жақын болғандықтан, өмірімде тұңғыш рет қазақ қыздарын шашынан сүйреп, аяусыз соккыға жығып, қанға бояғанын көріп, жаным түршікті. Қан басқа теуіп, ар-намысым аяққа тапталғандай болды. Сөйтіп жүргенде, кешкі 7-лерде өзім де қолға түсіп, милиционерлер мені автобус ішіне кіргізіп алып, соккының астына алды. Нәтижесінде тұла бойымның сау-тамтығын қалдырмай ұрып, басымды жарып үйге жіберді». Бірақ кудалау мұнымен бітпепті: «Бір

түршіктіреді. 4-5 күн бойы түрмеде жатқан қыздарымызды қорлағаны, мазактағаны, таяқпен аяқтан ұрғылап, тізе бүктіріп, кешірім сұратқаны жүйкенді жұқартады. Жексұрындарға лағнет айтып, біз жылаумен шерімізді тарқатынбыз».

Байырғы халықтың ұл-қыздары таяқ жеп, көз жасын көл қылып жүргенде коммунист Колбин дүниені жалпағынан басып өмір сүріп жатты. 1987 жылы 7 қаңтар күні Ульяновскіден Алматыға ИЛ-76 самолетімен 5 тонна жүгі, ТУ-134 самолетімен 5 отбасы мүшесі, 2 иті жеткізіледі. Сондағы 2 рейске төлегендері 347 сом 40 тиын ғана, ал мемлекет бағасымен есептегенде 37 100 сом, 108 тонна авиабензин жұмсалған екен.

«Жау жағадан алғанда, бөрі етектен» дейді халқымыз. Қазақ азаматтарын «Правда» мен «Известиядан» бастап аудандық



*** ЖЕЛТОҚСАН-86 МАЗМҰНЫ ЖАҒЫНАН ҰАТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНА ЖАТАДЫ. ӨЙТКЕНІ КЕЗ КЕЛГЕН ОТАР ЕЛДЕГІ ҚАРСЫЛЫҚ БІРДЕ КЕМЕЛ, БІРДЕ ҚАТТЫЛАЙ ҰАТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ МИССИЯСЫН АТҚАРАДЫ. ЖЕҢСЕ ДЕ, ЖЕҢІЛСЕ ДЕ ТҮП КӨЗДЕГЕНІ – ҰЛТЫНЫҢ АЗАТТЫҒЫ**

газеттерге дейін жерден алып жерге салып жатқанда, Новосибирскіден Е.Раевский, Амур облысынан В.Голобоков деген біреулер Мәскеуге хат жолдап, «қазақ мәселесінің» білгіріндей отқа май құя түскенін қайтесіз.

Қылмыс пен қиянаттың түрі де, қыры да мол әрі бай болып шықты.

ЖЕЛТОҚСАН САЛТАНАТЫ

Желтоқсанда көтерілген талап пен идеялар ендігі жүзеге асты. Ең бастысы — арада тура 5 жыл өткенде Қазақстан тәуелсіз, дербес елге айналды. Бұл — ғасырларға созылған ұлт-азаттық күресінің заңды нәтижесі. Тәуелсіздіктің қарсанында, яғни 1991 жылғы 1 желтоқсанда өткен бүкілхалықтық сайлауда Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев жеңіске жетті. 30 жылға жуық ең жоғарғы билік басында отырған ол 2019 жылғы наурыз айында өз еркімен доғарысқа кетіп, жазда Қазақстанның екінші Президенті К.Токаев лауазымды қызметіне кірісті. Осылайша, желтоқсаншылар күн төрттібіне қойған «Әр республикаға — өзінің басшысы!» талабы ақиқатқа айналды.

Желтоқсан қаһармандары көтерген келесі бір талап — «Ешқандай ұлтқа артықшылық берілмесін!». Бұл талапты Ленинге сілтеме жасаумен бекемделді: «ұлт саясатының лениндік принциптерін сақтауды талап етеміз!». Бұлай сөйлеу мемлекеттік идеологиясы — ленинизм, мемлекеттің негізін қалаған көсем Ленин деп танылған елде әбден орынды еді. Лениннің іліміне күдікпен қарау қылмыс саналатын. Дей тұрғанмен, халықтар теңдігі мен достығын ұлтаралық қатынастар ұшығып тұрған күндері жоғары бағалау көп тілді, көп дінді Қазақстан үшін тағдыр анықтағыш фактор екенін бүгінде ешкім жокқа шығара алмайды.

Желтоқсан-86 ақиқаты қаншалықты ашылса да, ашылмаған ақтандақтары одан асып түседі. Ақиқаттан ақиқат, ақтантақтан ақтандақ ғана туындайды. Желтоқсанда тапқанымыз бен жоғалтқанымызды түгендемей, ақиқаттың өзі жартыкеш күйінде қала береді. Әлі де кеш емес. Олар елдің ертені үшін күресті.



Ханкелді ӘБЖАНОВ,
Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі

Жанболат Әлиханұлы Аупбаев 1951 жылы 24 желтоқсанда ҚХР-дың Шыңжаң өлкесіндегі Құлжа уәлаятына қарасты Текес елді мекенінде өмірге келген.

С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін (*қазіргі Әл Фараби атындағы ҚазҰУ*) бітірген. 1974-1986 жылдары – «Лениншіл жас» республикалық жастар газетінде тәлімгер, кіші әдеби қызметкер, аға тілші, бөлім меңгерушісі болған. 1986-1991 жылдары – «Қазақстан коммунист» журналының жауапты хатшысы, 1991-1996 жылдары – «Халық кеңесі» газеті бас редакторының орынбасары, 1996-1998 жылдары – «Ақиқат» журналы бас редакторының бірінші орынбасары қызметін атқарды. 1998-2003 жылдары – «Егемен Қазақстан» республикалық жалпыұлттық газеті бас редакторының орынбасары. 2003-2016 жылдары осы газетте бас редактор болды. Көптеген танымдық-публицистикалық кітаптардың авторы. О.Сүлейменовтің, С.Санбаевтың шығармаларын қазақ тіліне аударды, «Қажымұқан мен Қажытай», «Хан тәңірі» деректі кинофильмдерінің әдеби сценарийлерінің авторы. Мақалалары мен очерктері республикалық басылымдарда үзбей жарияланып келеді. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының, Қазақстан Президентінің журналистика саласындағы сыйлығының және Қазақстан Жазушылар одағының халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты. Кезінде ҚазМУ-дің журналистика факультетінде арнайы дәріс оқып, талай шәкірт тәрбиелеген сөз зергері, ұстаз ағамыз биыл 70 жасқа келіп отыр. Jas qazaq газеті ардагер журналист Жанболат Аупбаевты мерейтойымен құттықтап, ағамыздың біз сияқты шәкірті, ҰҚК қызметкері, полковник Мұхтар Анарбектің ой-толғауын оқырман назарына ұсынып отыр.

Откен ғасырдың сексенінші жылдары, біз мектепте оқып жүрген кезде атак-данқы дүрілдеп тұрған басылымның бірі — «Лениншіл жас» болатын. Оның әрбір нөмірінен елді елен еткізетін, көпке дейін әсері естен кетпейтін мақалалар оқитынымыз әлі күнге дейін есімізде. Сондай мақаланың бірі «Кешігіп жеткен данк» деп аталды. Басты кейіпкері соғыста үш рет «өліп-тірілген», Совет Одағының Батыры, Болгария Халық Республикасының құрметті азаматы Зиямат Құсанов еді.



Мақала әсерлі басталады: «Қанша уақыт жатқанын білмейді. Білетіні — тастай қараңғылық тұмшалаған түн ішінде миы аузына түсердей боп шағып ауырып, ерні кеберсі шөлдеп жатқаны. Олан аргысы есінде жоқ. Бұлдыр бір дүние... «Мен тірі екенмін ғой», — деді ішінен»...

Осы бір шағын үзіндіде сержант Құсановтың Курск маңындағы Прохоровка деревнясы үшін болған шайқаста «өліп-тірілгені» суреттеледі. Еліне, туған жеріне «қара қағаз» жөнелтілген кез болатын. Ал ол болса, жан алысып, жан беріскен шайқаста тірі қалып, тұтқынға түскен еді. Тұтқынның жағдайы қандай болатындығы белгілі емес пе?! Ал өзіне Совет Одағының Батыры атағы берілгендігін соғыстан кейін 28 жыл өткенде барып бір-ақ біледі. Қызық та, қиын тағдыр! Мақаланы аяғына дейін бір деммен оқығаным бар. Зиямат

Құсановтың соғыс кезінде көрген қорлығын оқып, көзіме жас келді. Бір жағы кеудемді қуаныш кернеді. Нағыз батырларша ерлік көрсеткен азамат қазақ жерінен, оның ішінде өзіміздің Шымкент облысы Сайрам ауданынан екен. «Шіркін, батырмен кездесу өткізсек, тамаша болар еді» деген бір ой да келген еді оқушы санасына. Ал аты аңызға айналған батырмен кездесіп, ол туралы көлемді мақала, мақала емес-ау, көркем әңгіме



АЙТЫЛМАҒАН ӘҢГІМЕ

дайындаған журналистке қызыға қарағанымыз есімізде...

Жылжып жылдар өтті. 1985 жылы Шымкент облысы Алғабас ауданы Шаян селосындағы М. Әуезов атындағы орта мектепті бітіріп, сол жылы Алматы қаласына С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне оқуға түстім. Қызығы мол студенттік жылдар басталып кетті. Мен түскен жылы студенттерді де Совет Армиясы қатарына алу басталды. Алғашқылардың бірі болып Белоруссия, Балтық жағалауы елдерінде екі жылдық әскери борышымызды өтеп қайттық. Аталған өңірлерде сұм соғыстың зардабы әлі де сезілетіндігін көзбен көрдік. Майдан даласындағы топырақпен көміліп қалған окоп іздері, орман ішіндегі орны ойылып жатқан блиндаждар соғыстың жанғырығындай сезілетін. Журналист Жанболат Аупбаевтың соғыс тақырыбында жазған басқа да мақалалары еріксіз есіме оралды...

...Бір күні аудиторияға профессор Т.Амандосов басқаратын кафедраның ассистенті Гүлсім есімді қыз келіп, сенбі күні «Журналистік шеберлік» деп аталатын арнайы курс өткізілетіндігін, оны журналист Ж.Аупбаевтың жүргізетіндігін хабарлады.

— Қалмай келіндер, ол кісінің лекциясы қызықты өтеді, — деді. Ассистенттің даусынан сырттан келетін лекторға деген құрмет сезілді. Жоғары курстың студенттері де Гүлсімнің сөзін растап жатты.

Сенбі күні аудиторияға келсек, шашы желкесіне түскен, қара мұртты ағайымыз бізден бұрын келіп отыр екен. Әдепкіде біз кешігіп қалдық па деп ойлағанбыз.

II

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

болатындығын да осы жолы үйрендік. Өмірі ерекше тұлғалардан сұхбат алу, өмірде сирек кездесетін құбылыстарды іздеп табу жағы да назардан тыс қалмады. Ұстаздың өзі де шын мәнінде дайындалып келетіндігі аңғарылды.

Сәулең болса кеудеңде,

Мына сөзге көңіл бол, — деп Абай айтқандай, Жәкеннің лекциясының мақсаты болашақ журналистерге бағыт-бағдар көрсету сипатында өтетін. Санаға сәуле құятын. Ешкімге өзінің білгенін күштеп танып жатпайтын, сессия кезінде барлық студентке сенім білдіріп, «зачет» қойып беретін. Әйтпесе, арнайы курс бойынша сырттан келетін кейбір журналист-лекторлардың оны-мұны

МЕРЕІ


үйрендік. Еліктеп өстік.

Кейіпкердің ұзақ-сонар әңгімесін елекке салып, оқырманға тек мәйекті жерін ұсыну да Жәкен шығармашылығының бір ерекшелігі екендігі сөзсіз. Мысалы, «Туған елдің түлегі» мақаласындағы Бауыржан Момышұлының мынадай сөзін қайта-қайта оқи бергің келеді: «Мен сендерге көп ұрсатыным бар, — делі ардагер аға жөткірініп қойып, — оны орынсыз қыжырлыққа санамандар, қарактарым... Өмірде жалтақ болмандар, біреудің аузына қарап, соның айтқанына көніп, айдауына жүруді ізеттілік осы екен деп жансақ түсінбедер. Үлкеннің айтқанын екі етпеу, сөзге тоқтау — сыйластықтын, әдептіліктің әліппесі екені рас. Бірақ, тек сонымен шектеліп қалушылық жас адамға пайда бермейді. Оған қосымша өзінің кісілігін, жол білер азаматтығын болуы керек. Әйтпесе,

ешқашан бұлдамайтындығы тағы бар. Токсаныншы жылдары анам қайтыс болып, Алматыдан Шымкент облысына баруға тура келді. Қызметке орналасқаным бір жыл да толмаған кез. Өлместей көрінген Совет Одағы құлап, экономикалық байланыстар ажырап, халықтың «балапан басымен, тұрымтай тұсымен» болып жатқан кезі. Редакцияға келіп, Жанболат ағаға телеграмманы көрсетіп, кешкі пойызбен елге кетіп бара жатқанымды айттым.

— Ешқайда кетіп қалма, күте тұр, — деген Жәкен шығып кетті. Ары күттім, бері күттім. Жәкен жоқ. Бір кезде қарасам, «редакцияның ішінде жүрген шығар» деп ойлаған Жәкен Парламент үйінен келе жатыр екен. «Мына кісі мені күттіріп қойғанын ұмытып кеткен екен ғой. Жоғарғы Кеңестің пресс-службасы шақыртып алған ғой!» деп ойладым.

— Көп күтіп қалдың ба, мә, ал, —



нәрсені сөз етіп, сағатына қайта-қайта қарағыштап, уақытты «өлтіре алмай» жүретіндігін де көз көрді. Сондықтан журналистік тәжірибесі мол ұстазбен танысқанымызды іштей мақтаныш етсек, сонымен қатар осындай мүмкіндік тудырған сол кездегі деканатқа, профессорлық-оқытушылық қазіргі уақытта айтар алғысымыз шексіз.

Ұстазға деген сыйластық, құрмет ол кісінің шығармашылығын терең білуге жетеледі. Журналистік шеберлік туралы айтқанда Жанболат Аупбаевтың өзінің жазу стилінің ерекшелігіне де тоқталып өткен артық болмас. Онтайлы теңеулері оқырманды тәнті ететіндігі сөзсіз. Мысалы, «Арада арбаның дөңгелегіндей айналып ай өтті» (*Туған елдің түлегі*) деген теңеу Жәкеннің өзіне ғана тән дүние деуге болады. Қазақы, оқырманға түсінікті, ұғынықты, ауыл адамының жанына жақын, жылы теңеу екендігі сөзсіз. Жүректі шымыр еткізеді. Бауыржан Момышұлы туралы жазылған мақаланы байытса түскендей.

«Кешігіп жеткен данк» әңгімесіндегі «Олар келгенде бекіністің ұйпа-тұйпасы шыққан еді. Танк табанымен мығжыланып, қанға иленген топырақтан ештенені айыру мүмкін емес болатын» деген жолдарды оқығанда көз алдыңызға соғыстың бір эпизоды анық елестейді. Суретші болсам, осы бір ауыз сөздің мағынасымен-ақ картина салып шығуға болатындай. Немесе, «...фашист минометтерінің таң алагеуімнен бері басталған тықтық «жөтелі» партизандар бекінген шаршыдағы жерді тулақтай түтті деуге болады» (*«Кешігіп жеткен данк»*) деген жолдарды оқығанда көз алдыңызға кинофильмнен көретін эпизодтар елестейді. Ұстаз журналистің осындай жазу стилі көптеген шәкірттеріне әсер етті. Бір ауыз сөзбен сурет салуды

біреудің айтқанына көніп, айдауымен жүру немесе «барып кел, алып келдің» адамы ретіндегі қолбала болу жасқаншылыққа, кіріптарлыққа, ұшыраталы... Сондықтан батыл болындар, жүректерінде жігер, көздерінде от ойнап тұрсын. Понятно, тебе!». Батырдың осы сөзі мақаланың бүкіл міндетін атқарып тұрғандай.

Қолыма журналистік диплом тимей жатып-ақ, «Халық кеңесі» газетіне қызметке орналастым. Жанболат Аупбаев мұнда бас редактордың орынбасары екен. Парламенттік тілші ретінде ұшықр жазуды, жазған кезде заңдардың, нормативті-құқықтық актілердің атауына мұқият болуды, депутаттар сөзінің мәйегін елеп алуды үйретті. Сол кезде бас редактор болған Сарбас Ақтаев, Жұмабек Кенжалин, бөлім меңгерушісі Самат Ыбырайымов, Талғат Сүйінбаев секілді алдыңғы буын аға журналистерден де көп нәрсе үйренуге болатындығын еске салып отыратын.

Жәкеннің есте сақтау қабілеті туралы бір-екі ауыз сөз айта кеткен орынды. Әлдебір айтулы оқиғаның айы, күні, жылы туралы пікірталас туындағанда төрелік іздеп Жәкенге баратынбыз. Ол нақты «датасын» айтады. Ешқашан қателеспейтіндігін сан рет дәлелдегеннен кейін бе, ешкім де ол кісімен таласып жатпайды. Телефонның арғы жағындағы дауыстың иесін де дәл табатындығы таңғалдырады. Сондықтан арада көп жылдар өтіп кетсе де, телефон соққанда өзінді таныстырудың қажеті шамалы. Шаруанды айтсаң, жетіп жатыр. Журналистер үшін бұл да таптырмайтын бір қасиет екендігі сөзсіз.

Жәкеннің адамгершілік бейнесін де айта кеткен орынды. Қиналғанға қол ұшын беру ол кісінің бойындағы ерекше бір қасиеті. Жасаған көмегін

деп Жәкен бір уыс ақшаны қолыма ұстатты. Не аларымды, не алмасымды білмей қалдым.

— Ал, керек болады. Ауылдың жағдайының қалай болып жатқанын біліп отырмай ғой. Осыны айтсаң, түсінбейтіндер бар, — деп, әлдекімге реніш білдіріп, қалтасынан темекісін алып, ащы түтінді бүрк-бүрк еткізгені бүгінгідей көз алдымнан кетпейді. Жәкен берген қаржының «матпомощь» деп аталатындығын кейінірек, арада жылдар өткен соң білдім. Соны алу үшін ол кісінің Жоғарғы Кеңестің жертөлесінде отыратын «Халық кеңесінің» бухгалтериясына өзінің арнайы барып келгендігін жастарға, қиналып тұрған әріптес інісіне деген құрметі деп санаймын... Жәкеннің мұндай жақсылықтарын басқа да әріптестері көптеп айтатындығы сөзсіз...

«Ақиқат» журналында да әкенмен бірге қызметтес болудың сәті түсті. Журналистік қызметтің қыр-сырына терең қанықтым. Ауыз толтырып айтарлықтай мақалалар да жазылды. Біраз мақалаларым жинақтарға да енгізілді. Қазақстан Республикасы Президентінің журналистика саласындағы стипендиясының иегері атандым. Сөйтіп жүргенде, 1997 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінен адамдар келіп, мен туралы «рекомендация» сұрапты. Тайсактап, мен туралы пікір айтудан бойын аулақ тартқандар да болыпты. Түсінем, КІБ сепкен қауіп-қатердің әлі де саналдан арылмаған кезі. Кейіннен білдім, Жәкен және журналист Болат Бабаков сенім артуға болатындығын айтып, пікірлерін жазып беріпті. Соның арқасында тәуелсіз мемлекеттің бір іргелі мекемесіне қызметке орналасып, әлі күнге жұмыс істеп келемін. Осыдан 21 жыл бұрынғы сол оқиғаны ойласам: «Егер Жәкен,

Бөкен сияқты азаматтар сол кезде батыр атамыз Бауыржанның батылдығын үлгі тұтып, маған сенім артып, «рекомендация» бермегенде мен бүгін қай жерде жүрген болар едім?» — деп ойланатыным бар.

Жанболат аға туралы мақаланы ол кісінің өз сөзімен аяқтағым келеді: «Өмір. Ол — үлкен жол. Үлкен, ұзақ бола тұра, оның бұраланы да мол. Өмір жолы түзу сызықтан тұрмайды, ол күрмеуі көп күрделі белестерге толы. Біздіңше, адам тағдыры дегеніміздің өзі де осы болса керек» (*«Кешігіп жеткен данк»*).

Мұхтар АНАРБЕК,
ҰҚК қызметкері,
полковник,
Нұр-Сұлтан





Әйелім телеарнада жұмыс істейді. Сіздер оның сөзін түсінесіздер ме, білмеймін, өзім о баста «Осы не айтты?» деп, аңтаң болып жүрдім. Кеше екеуміз елдің жас жұбайлары сияқты жап-жақсы шәй ішіп отырғанбыз. Аяқ асты несиенің зары ойыма түсіп кетті: — Осы біздің кредит қашан бітетін еді? — дедім. — Үстіміздегі жылдың аяғында — дейді. «Дұрыс түсінбей қалдым ба?» деп қайта сұрадым. — Үс-ті-міз-де-гі! — Сонда ол қай жыл?

— Өй, бәрі Қытайдың заты деймін! — Ааа... Аспан асты деп... Қалғанымыз аспанның үстіне шығып кеткендей... — Ал өзің қайда болып табыласың? — Мен мына құрып кеткір жылжитын мүлік жылжымай қалып, соны шұқылап жатырмын. — Қонақтар дер кезінде тиісті орыннан табылып, сен, өкінішке орай, кешігуде болма. — Олар нешеде келеді деп жоспарланып отыр? — Кешкі алтыға келеді деп күтілуде! — Не істеуде? — Күтілуде! — Ой, қой, мынауың артықтау емес пе? — Қай жері артықтау? Теледидардан күнде «күтілуде», «жоспарлануда» деп айтып жүрміз ғой.

Ал өзің қайда болып табыласың?



— Биыл! Биыл бітеді. Не болған саған? Күйіп кеттім. — Оны үстімізге шығармай-ақ, биыл деп айтсаң, болмай ма? Сонда өткен жылды не дейсіңдер? Ол да үстімізде ме, әлде астымызда қалды ма? Жок, рас, теледидарды қосып қалсаңыз, газет-журналды ашып қалсаңыз, «үстіміздегі жылы түсім мол болды, үстіміздегі жылы өйтті-бүйтті» дейді. Сосын «болып табылады», «келуде, баруда», «дейтұрғанмен», «ой-пікірмен бөлісті», «жұмыс жасайды», «қолжетімді» «жіберіп алмаңыздар», тағы басқа толып жатқан сөздері бар. Сонда бір жерге қонаққа барсаң, «Мынау біздің үйдегі келінінің болып табылады» дейміз бе? Досыңа «моншаға барасың ба?» десең, ол саған «бағасы қолжетімді ме?» дей ме? Кино немесе концерт көрсетерде «Осыны жіберіп алмаңыз!» дейтіндері бар. «Жіберіп қоймаңыз» деген сияқты естіледі, құрғыр... Сонымен... а, кешірініздер, әйелім қоныраулатып жатыр. Қазір... — Сізді мұқият тыңдап тұрмын... — Әкесі, сіз кешігу үстіндесіз... — Ой, мені қойшы, өзің жылжымайтын мүліктесің бе? — Иә, көтерме және бөлшек сауда орталығына барып, қазір ғана жылжымайтын мүлікке кірдім. Барлық жерде аспан асты елінің заттары... — Кімнің заттары?

— Е, бопты, күтіле берсін. Онда мен де барудамын. — Айта кету керек, ақыры бәрі келеді ғой деп, бүгінгі күн тәртібіне Бәгіштерді де енгіздім... — Ойбай, ол бізге кім болып табылады? — Туу, сен-ақ ұмытасың да қаласың. Ол ана құданның туған қарындасы болып табылады ғой. — А, құдаша деші?.. Дейтұрғанмен ол... — Иә, иә, құдаша! Ешқандай дейтұрғанмен емес! Біз де олардың жанұясында болып, ой-пікірімен бөліскеміз. — Е, бопты. Мен де жылжу үстіндемін сізге қарай... — Әй, әкесі, асықпай абайлап жүр. Жолда жол-көлік апаты орын алмасын! — Дәл осыны айтпашы, бәйбіше. Сосын сен оқиға орнынан табылғанша талай заман өтер... — Әкесі, ау, әкесі, айтпақшы, ұмытып барады екем, жол-жөнекей бір мөшек қара алтын ала салшы... — Не ала сал? — Қара алтын, яғни көмір ала сал деймін. Монша жаққанға... — А, иә. Құрсын, шатасып біттік қой. Осы журналистер бір түрлі, қара халық бір түрлі сөйлегенді қашан қоямыз а?..

Қанағат ӘБІЛҚАЙЫП



QOLDA 3.0 Солтүстік Қазақстан облысында «АРДОС-Жүрек» мүгедектер бірлестігі» ЗТБ мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған «Тең Qogam» мобильді қосымшасын таныстырды. Бұл қосымша еліміздің барлық өңірлеріндегі мүгедектігі бар адамдар үшін құқықтар, жеңілдіктер, оқыту, жұмыспен қамту және басқа да көптеген мәселелер туралы өзекті жүйеленген нақты ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Жоба «Шеврон» компаниясымен серіктестікте Орталық Азияның Еуразия Қоры (ОАЕК) өзіндік «Qolda 3.0» жедел көмек бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда.

Солтүстік Қазақстан облысында 26 000-нан астам мүмкіндігі шектеулі жан өмір сүреді. Технологиялардың қарыштап дамуына қарамастан, олар үшін қажетті ақпаратты қамтыған сапалы мобильді қосымшалар мен сайттар жоқтың қасы. Сондықтан жоба командасы мүгедектігі бар адамдардың барлық санаттарына арналған қазақ және орыс тілдерінде «Тең Qogam» мобильді қосымшасын әзірледі. «АРДОС-Жүрек» мүгедектер бірлестігінің директоры Ақжан Кәрім былай делі: «Бұл қосымша мүгедектігі бар адамдарға, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне заңдардағы соңғы өзгерістер мен мәдениет нысандарының қолжетімділігі туралы хабардар болуға мүмкіндік береді. Қосымша арқылы «Инвтакси» қызметін пайдалану, азық-түлік, дәрі-дәрмек жеткізуге тапсырыс беру мүмкіндігі пайда болды». Қосымшадан мынадай өзекті ақпараттарды табуға болады: құқық, жеңілдіктер, оқыту, жұмыспен қамту, мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл және т. б. Барлық ақпарат кез келген құрылғыдан кіруге ыңғайлы болу үшін <https://tenqogam.kz/> сайтында қайталанады. Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындары үшін өзекті ақпаратты қамтитын «Қызметтер және сервис» қосымша бетін барлық облыстарға кеңейту жоспарлануда. Осы мобильді қосымшаны әзірлеуге халықты жұмыспен қамту орталығы, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, әлеуметтік қызмет көрсету орталығы, «Нұр Отан» партиясы және қоғамдық ұйымдар



«Тең Qogam» көмекке келеді



өкілдерінен тұратын фокус-топтар қатысты. Фокус-топтардың қатысушылары қосымшаның өзектілігін атап өтті және өз тараптарынан қосымшаның мазмұны мен функционалы бойынша ұсыныстарымен бөлісті. Мысалы, олар қолжетімділік элементтерін көрсете отырып, пайдаланушыларды мәдени-демалыс іс-шаралары туралы хабардар ету үшін қосымшаны

пайдалануды ұсынды. Сондай-ақ қосымшаға «Спорт» бетін қосу ұсынылды. Отырыс қорытындысы бойынша барлық қатысушылар «Тең Qogam» мобильді қосымшасын жетілдіруге және ілгерілетуге көмек көрсетуге келісті. Бүгінгі таңда қосымшаны Play Market-тен жүктеп алуға болады.

Өз тілшіміз

«Саз өнері» - мамандардың біліктілік сайысы

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Алатау ауданына қарасты мемлекеттік балабақшалардың музыка жетекшілері арасында сайыс өтті.

Мектепке дейінгі ұйымдардың музыка жетекшілері «Саз әлемі» сайысында үш кезең бойынша өнерлерін көрсетіп, шеберліктерін сынады.

Алатау ауданындағы он жеті бөбекжай-балабақшадан келген қатысушылардың өнеріне Алатау ауданы білім бөлімінің бас маманы Шолпан Бөбекбаева, білім бөлімінің әдіскері Әлия Смағұлова, №1 оқушылар үйінің директоры Дәйірхан Қожахметов, «Еркем-ай» домбыра үйірмесінің жетекшісі Алмаш Жарылқапова қатысушы өнерпаздардың шеберлігін бағалады. Алатау аудандық білім бөлімінің басшысы Қарлығаш Ақмырзаева, №1 бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі Рая Шарапиева, №95 бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі Зухра Дүйсенбаева бастаған Алатау аудандық бірлестіктің мамандары да арнайы қонақ ретінде қатысты.

Сайыстың бірінші кезеңінде қатысушылар өзін ғана емес, қызмет ететін балабақшасын та қысқаша таныстырды.

Мектепке дейінгі дайындықтан өтетін балалардың музыкалық қабілет-қарымын жетілдіріп, дамыту мақсатында дидактикалық ойын түрлерін өткізу — таптырмас құрал. Екінші кезеңде қатысушылар осы музыкалық дидактикалық ойындарды өздері талдап, тарқатып айтып, ой шеберлігін көрсетті.



Негізгі сайыс, үшінші кезеңде ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына байланысты еркін тақырыпта өнерін көрсетті. Ән айтамын деген қатысушыға фонограмма қолдануға рұқсат берілген жоқ, тек жанды дауыста шырақалды.

Сайыс барысында №150 бөбекжай-балабақшасының «Бәйтерек» тобындағы тәрбиеленушілері «Алатау» биін билесе, «Ақбота» тобының өнерпаздары «Ұландар» биімен көпшіліктің көңілін серпітті.

Әділқазылар алқасының шешімімен бас жүлде №183 бөбекжай-балабақшасының музыка жетекшісі Айнуір Рауловаға бұйырды. 1-орын

№95 бөбекжай-балабақшасынан қатысқан Ғалымжан Шарипов, 2-орын №165 бөбекжай-балабақшасынан Бибатыр Қалдыбек пен №1 бөбекжай-балабақшадан қатысқан Алмагүл Қалжановалар иеленді. 3-орынды №31, №84 бөбекжай-балабақшалардың музыка жетекшісі Мәдір Мырзақметова, Данара Татубаеваға бөлісті. Қалған қатысушылар да ынталандыру қағазымен марапатталды.

Биыл тәуелсіздігімізді алғанымызға 30 жыл. Осы жылдар бедерінде жас мемлекетіміз дамыған отыз елдің бірі атану жолында қарыштап дамып келеді. Әр саланың өркендеуі үшін қадау-қалау істер атқарылып, маңызды шаруалар жүзеге асып жатыр.

Бұл күнде күллі әлемді өнерімен баурап, аузына қаратқан талантты Димаш Құдайбергеновтың, «Балалар даусының» иегері Данила Төлешованың, «Славян базарының» жеңімпазы Рухия Байдуkenованың талантты ізбасарлары осы балабақшадан өсіп шығады. Міне, осындай жас таланттардың томағасын сыпырып, өнер әлеміне баулитын музыка жетекшілері. Балабақшада өздерінен тәлім алатын топ баланың арасынан өнерпазын дөп басып танып, талантты шыңдап өнер әлеміне бағыттайтын мамандардың еңбегі ерен. №150 бөбекжай-балабақшасында өткен өнерпаздар сайысын өткізудегі мақсат — музыка жетекшілерінің өресін байқап, білім, білігін саралау. Қатысушылардың қай-қайсы да сенім үдесінен шыға білгені қуантты.

Салтанат АБДИЖАППАРОВА, №150 бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі

Бас редактор — директор
Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ
Редакция алқасы:

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Мерген ТОҚСАНБАЙ —
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 701 312 39 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Нұргүл НАСЫР — Атырау облысы
(8 702 959 80 08)

Мәдір КЕНЖЕБАЙ —
Шымкент қаласы (8 700 280 63 20)

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Меншік иесі:
«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-кабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПІК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2292;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралым — 6000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «AirAstana» әуекомпаниясы ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 күзлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.